

САРАПТАМА



Орталық Азия:
БЕСТІКТІҢ БІРЛІГІ

3

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №62 (6624) 11 шілде, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz



12+

МӘЖІЛІС

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ

кезекті саяси маусымды қалай аяқтады?

VIII сайланған Мәжілістің үшінші сессиясы өз жұмысын аяқтады. 2024 жылы 2 қыркүйек – 2025 жылы 30 маусым аралығында депутаттар белсенді жұмыс істеді. 30 маусымда Мәжілістің ресми сайтында төменгі палатаның үшінші сессиядағы жұмыс қорытындысы жарияланды. Мақалада осы қорытынды құжатқа талдау жасалмақ.

БІРҚАТАР ЗАҢДАР
ҚАБЫЛДАНДЫ

Мәжілістің негізгі қызметі заң шығару. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыс тиімділігін анықтау өте маңызды болып саналады. Үшінші сессия аясында Мәжіліс 153 заң жобасын қараған. 87 заң осы сессияда, ал 66-сы өткен сессиядан ауысқан.
Жалпы, 90 заң жобасын мақұлдаған. Бұл екінші сессиямен салыстырғанда, аз. 2023-2024 жылдар аралығында Мәжіліс 101 заң жобасын мақұлдаған еді. Дегенмен, заң шығару қызметіне талдау жасағанда сандық емес сапалық көрсеткіштер маңызды. Себебі, қабылданған заң ең алдымен сапалы, қоғам игілігіне жұмыс істеуі тиіс.



Үшінші сессияда «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы», «Нысаналы капитал қорлары және эндаументқорлар (нысаналы капиталдар туралы», «ҚР Бюджет кодексі», «ҚР Салық кодексі», «ҚР Су кодексі», «ҚР аумақтық қорғанысы туралы», «ҚР Конституциясының отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» маңызды заңдарды қабылдады.

2

МӘСЛИХАТ

МАҢЫЗДЫ ШЕШІМДЕР МАҚҰЛДАНДЫ

Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XXXI сессиясы өтті. Сессия барысында қала тіршілігіне тікелей әсер ететін бірқатар маңызды мәселелер қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.



Алғашқы кезекте Алматы хайуанаттар бағы ерекше қорғалатын табиғи аумақты пайдаланғаны үшін бюджетке төленетін міндетті төлемдерден босатылды. Осыған байланысты депутаттар 2020 жылғы 30 қазанда бекітілген төлем мөлшерлемелерін жою туралы шешім қабылдады. Бұл қадам заңнамадағы өзгерістермен тікелей байланысты: қолданыстағы заңдарда мұндай төлемдерді белгілеуге құқықтық негіз алынып тасталған.

Айта кетерлігі, соңғы төрт жылда Алматы хайуанаттар бағы ерекше қорғалатын аумақты пайдаланғаны үшін жергілікті бюджетке 110 миллион теңге көлемінде салық аударған болатын. Енді бұл қаражат мекеменің өзінде қалып, инфрақұрылымды жаңартуға, жануарлар тұратын орындарды жақсартуға, жалпы баптау мен күтім сапасын арттыруға жұмсалмақ. Бұл шешім хайуанаттар бағының табиғи ортаға ұқсас экожүйе



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

қалыптастыруына және жануарлар өмір сүру жағдайын жақсартуға елеулі мүмкіндік береді.
Сессияда кадрлық өзгерістер де қаралды. Депутаттар Алматы қаласы әкімдігінің жаңартылған жеке құрамын бекітті. Бұл шешім «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заң талаптарына сай қабылданды.
Сонымен қатар, қалалық мәслихаттың Коммуналдық инфрақұрылым, энергетика, сумен жабдықтау және қалалық мобильділік жөніндегі тұрақты комиссиясының құрамы жаңартылды. Аталған комиссия төрағасы

болып осы салада белсенді жұмыс атқарып жүрген депутат Садир Хамраев сайланды.
Сессия соңында «AMANAT» партиясынан сайланған мәслихат депутаты Бекбол Рамазанның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды. Бұл шешім оның жеке өтінішіне және Алматы қалалық аумақтық сайлау комиссиясының ұсынуына сәйкес, қолданыстағы заңнама талаптарына сүйене отырып қабылданды.
Алматы қаласы мәслихатының бұл жолғы сессиясы қаланың басқару жүйесін жетілдіру мен әлеуметтік маңызы зор нысандардың дамуына серпін беретін шешімдерге толы болды.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



@AQSHAMY_KZ



@tiktok



@AQSHAM_NEWS





www.aqshamnews.kz



01 745178 614887 >



МАЖІЛІС

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ

кезекті саяси маусымды қалай аяқтады?

(Басы 1-бетте)

Осылайша Түркістан қаласына ерекше мәртебе берілді. Мемлекет үшін маңызды Бюджет, салық және су кодекстері қабылданды. Сондай-ақ, ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызды аумақтық қорғаныс туралы заң мақұлданды.

«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ КӨШ БАСТАП ТҮР

Депутаттардың тағы бір маңызды қызметі – азаматтардың талап-тілектерін ескеріп мемлекеттік органдарға сауал жолдау. Бұл бағытта да Мәжіліс тиімді нәтиже көрсетті. Үшінші сессия аясында барлығы 463 сауал жолданған. Оның басым бөлігі (242) билеуші партия «АМАНАТ» фракциясының депутаттарына тиесілі. «Ақ жол» және «Ауыл» фракциялары екінші және үшінші орынды иеленген.

Бір мандатты округтерден сайланған депутаттар да алғашқы сессиядан бастап белсенді жұмыс істеуде.

Фракциялар мен өзге де депутаттық топтар	III сессия (2024-2025 ж.ж.)	II сессия (2023-2024 ж.ж.)	I сессия (2023 ж.)
Барлығы	463	527	252
«АМАНАТ»	242	268	116
«Ақ жол»	61	71	30
КХП	39	45	26
«Ауыл»	52	46	17
«Respublica»	19	21	18
ЖСДП	21	24	18
Бір мандатты округтар бойынша сайланғандар	29	52	27

Мәжіліс комитеттері бойынша жолданған депутаттық сауалдар да біркелгі емес. Әлеуметтік-мәдени даму комитеті көш бастап тұр. Комитет депутаттары үшінші сессияда 97 сауал жолдаған. Бұған дейінгі сессияларда да бұл комитет белсенді жұмыс істеген.



Комитеттер	III сессия (2024-2025 ж.ж.)	II сессия (2023-2024 ж.ж.)	I сессия (2023 ж.)
Барлығы	463	527	252
Әлеуметтік-мәдени даму	97	113	53
Заңнама және сот-құқықтық реформа	81	95	41
Қаржы және бюджет	77	88	45
Экономикалық реформа және өңірлік даму	72	72	37
Экология мәселелері және табиғат пайдалану	59	72	28
Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік	49	43	25
Аграрлық мәселелер	28	44	23

Мәжілістің тұрақты комитеттерінің жұмысы төрағаларының белсенділігіне байланысты. Комитет төрағалары төмендегідей:

- Әлеуметтік-мәдени даму комитеті – **Асхат Аймағамбетов** («АМАНАТ»).
- Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті – **Снежанна Имашева** («АМАНАТ»).
- Қаржы және бюджет комитеті – **Татьяна Савельева** («АМАНАТ»).
- Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті – **Нұртай Сабильянов** («АМАНАТ»).
- Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті – **Еділ Жаңбыршин** («АМАНАТ»).
- Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті – **Айгүл Құспан** («АМАНАТ»).
- Аграрлық мәселелер комитеті – **Серік Егізбаев** («Ауыл»).

Көріп тұрғанымыздай, әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов белсенді жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ, 7 комитеттің алтауының төрағасы «АМАНАТ» партиясының мүшесі екенін атап өткен жөн. Бұл билеуші партияның жұмысының тиімділігін көрсетеді.

Қорытындылай келе, VIII сайланған Мәжіліс үшінші сессияда тиімді жұмыс атқарғанына көзіміз жетті. «АМАНАТ» партиясы билеуші партия екенін ісімен дәлелдеуде.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ҒЫЛЫМ

АЛМАТЫДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЗЕРТХАНА ҚҰРЫЛДЫ

Елімізге Қытай Халық Республикасының Чжэцзян провинциясының делегациясы сапарлап келді. Осылайша өңірді дамытудағы қазақ-қытай ғылыми ынтымақтастығының жаңа кезеңі басталды.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық Ғылым академиясы Алматы қаласында Қытай Халық Республикасының Чжэцзян провинциясының делегациясын қабылдады. Сапар аясында тараптар жоғары технологияларды трансферлеу, ғылыми-зерттеу ынтымақтастығын дамыту және инновациялық инфрақұрылымды құру бағыттарындағы бірлескен бастамаларды іске асыруды талқылады.

Іс-шараға Алматы қаласы мен Алматы облысы әкімдерінің орынбасарлары, Чжэцзян провинциясынан келетін делегация (ЖОО бірінші басшылары, жоғары технологиялық компаниялардың басшылары), академиктер, жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарының бірінші басшылары, жетекші отандық ғалымдар және бизнес қауымдастық өкілдері қатысты.

Кездесу барысында цифрлық экономика, жасанды интеллект, логистика, геоинформатика, агротехнология және тұрақты даму салаларындағы синергияға ерекше назар аударылды. Алғашқы практикалық кадамдардың бірі ретінде Академия жанынан «Кеңістіктік-уақыттық жасанды интеллект» зертханасы құрылды.

Іс-шара 2025 жылдың маусым айында Астанада өткен «Қытай – Орталық Азия» екінші саммитінің шешімдері аясында өткізілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «2026 жыл Орталық Азия мен Қытай арасындағы ғылыми ықпалдас-

тық үшін бетбұрыс жылы болуы тиіс – бұл білім, технология және сенім жаңа стратегиялық көкжиек қалыптастыратын жылға айналуы керек», – деп атап өтті.

Осы іс-шара аясында Чжэцзян технологиялық университеті мен Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті арасында Кеңістіктік-уақыттық жасанды интеллекттің Халықаралық институтын құру бойынша меморандумға ресми қол қойылды.

Біз «технологиялардың басты өзегі – адам» деген қағидатқа ерекше мән береміз. Сондықтан Чжэцзян технологиялық университетімен және Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетімен бірлесе отырып, Кеңістіктік-уақыттық жасанды интеллектінің Халықаралық институтын құру туралы шешім қабылданды. Институттың қызметі қос дипломды білім беру бағдарламалары негізінде трансұлттық деңгейде ойлауға қабілетті, жаңа буын мамандарын дайындауға бағытталады. Жыл сайын Қазақстан мен Орталық Азия елдерінен 60-қа дейін тыңдаушыны оқыту жоспарлануда. Біз осы табысты бастамалардың барлығын Қытайдың ең қарқынды дамып келе жатқан, әрі технологиялық жағынан озық өңірлерінің бірі – Чжэцзян провинциясындағы стратегиялық сектортерімізбен бірлесіп іске асыратын боламыз, – деді ҰҒА президенті Ақылбек Күрішбаев.

О.МҰРАТБЕКҰЛЫ.

БАЙҚАУ

«Jas Keñes Siylıǵı»

Өтінімдер 2025 жылғы
20 шілдеге дейін қабылданады

Байқау шарттары туралы Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында қалалық Жастар саясаты басқармасының бөлім басшысы Нұрсұлтан Бекқайыров айтып өтті.



Нұржамал
ӘЛІШ

«Jas Keñes Siylıǵı» – назардан тыс қалып қоятын, бірақ қоғамға қажет салаларда еңбек етіп жүрген жас мамандарды қолдауға бағытталған бірегей бастама. Ол Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің бастамасымен құрылып, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин мен ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен жүзеге асырылуда.

Биылғы байқау 10 номинация бойынша өтеді:

– «Bıllım jäne Ğylym» – мектепке дейінгі, орта, ТЖКБ, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемелерінің педагогтері, сондай-ақ ғалымдар, ғылыми қызметкерлер мен зерттеушілер үшін;

– «Zharyq» – энергетика секторы, атом өнеркәсібі мен мұнай-газ кәсіпорындарының қызметкерлеріне арналған;

– «Örken» – агроөнеркәсіп кешені, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу мен

азық-түлік өнімін өндіру саласының қызметкерлеріне;

– «Örleu» – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (оның ішінде ЖИ, деректерді талдау мен т.б.) мен креативті индустрия саласының қызметкерлері;

– «Qaisar» және «Janqiarlyq» – ішкі істер органдары мен Қарулы күштердің, апаттық-құтқару қызметінің, өрт сөндірушілер мен азаматтық қорғау ұйымдарының қызметкерлері үшін;

– «Altyn jürek» – орта және кіші медицина қызметкерлері (жедел жәрдем, акушерлер, санитарлар мен т.б.) мен дәрігерлер үшін;

– «Altyn qol» – жұмысшы мамандықтың өкілдері – сырлаушы, сантехник, құрылысшы және т.б., сондай-ақ ПИК, МИБ мен елдімекендердің тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарда жұмыс істейтіндерге;

– «Bolaşaq turaly qamqorlyq» – инклюзивті оқу орталықтары мен әлеуметтік қызмет көрсететін ұйымдардың (балалар үйі, хоспис, қарттар үйі, мүгедектерді қолдау орталықтары және т.б.) қызметкерлері мен еріктілер үшін;

– «Önerkäsip» – өндеу өнеркәсібі, тау-металлургия кешені мен экономиканың басқа да өндіріс секторларының қызметкерлеріне арналған.

Өтінім қазақ немесе орыс тілінде jaskenes.kz сайтында онлайн қабылданады. Қатысудың талабы: үміткер ҚР азаматы және жасы 35-ке дейін болуы керек.

Әр номинация бойынша екі жеңімпаз анықталып, әрқайсысына 1 миллион теңге көлемінде сыйақы табысталады. Марапаттау рәсімі тамызда Астанада өтеді.



Орталық Азия:

БЕСТІКТІҢ БІРЛІГІ

Көшбасшылыққа талас емес, тұтастыққа талпыну кезеңі туды

Кейінгі онжылдықта әлемдегі геосаяси жағдайдың түрленуіне қарай Орталық Азия да маңызды аймақ ретінде қарастырыла бастады. Аймақ елдерінің өзара саяси-экономикалық интеграциясы мен оларға сыртқы күштер ықпалының теңгерімі жөніндегі қайшылықты пікірлер де жиіледі.

Ортақ диалог алаңы, бір мүдде

Жаһандық дағдарыстар кезеңінде Орталық Азия елдері аймақтағы тұрақтылық пен дамуды қамтамасыз етуге мүдделі. Дәл осы міндет аймақтағы көшбасшылықты айқындауда негізгі критерий ретінде қарастырылады. Әрине, мұндай тәртіп еш жерде жазылмаған. Бірақ кейінгі уақыттағы саяси риторикадан, қабылданған шешімдер мен бастамалардан осындай емеурін байқалатынын көріп отырмыз.


Орталық Азия елдерінің өз алдына шаңырақ көтерген уақытынан бастап Қазақстан аймақтық экономикалық одақ құру идеясына бастамашылық етті. 1994 жылы Орталықазиялық одақ құру бастамасы көтерілді, ал кейінірек – 2007 жылы Орталықазиялық экономикалық одаққа бірігу идеясы ұсынылған еді. Дәл осы бастамалар өзінің көзделген межесіне дейін орындалмаса да, бүгінгі ынтымақтастықтың іргетасын қалады. Бейресми риторикада аймақтың координаторы деп саналатын Қазақстан 2024-2025 жылдары Орталық Азия елдерінің саяси-экономикалық күн тәртібіне тікелей ықпал ететін бірнеше халықаралық ұйымдарға төрағалық етіп отыр.

Олар: Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (2024 жыл), Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (2020–2025 ж.ж.), Аралды құтқару халықаралық қоры (2023–2026 ж.ж.), Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (2024-2025 ж.ж.), Түркі мемлекеттері ұйымы (2024 ж.). Бұл – Қазақстанның жаһандық деңгейде аймақтың қызығушылықтарын қорғауға мүдделі екенін айқындайтын факт. Қазақстанның бастамасымен сонау 1992 жылы құрылған АӨСШК те негізгі халықаралық жыйындардың біріне айналды. Қазіргі таңда бұл жиын түрлі маңызды мәселелер талқыланып отырған диалог алаңына айналды.

«Мәңгілік достық» қағидаты

Жақында Астана қаласында өткен «Орталық Азия – Қытай» саммиті де елдің саяси беделін айтарлықтай күшейте түсті. Бүгінгі күнге дейін Қытай билігі өзара қарым-қатынаста «мәңгілік достық» терминін санаулы елдерге қатысты қолданған. Соның бірі – Қазақстан. Астанада өткен саммитте Қытай Орталық Азиядағы 5 елмен «тұрақты достық, тату көршілік» сипатындағы декларацияға қол қойды. «Қытай – Қырғызстан – Өзбек-стан» теміржолы құрылысы туралы инвестициялық келісім, жалпы құны 25 миллиард АҚШ долларынан асатын 58 құжат бекітіліп, осы уақытқа дейін экономикалық бағытта дамыған қарым-қатынас жаңа саяси деңгейге көтерілді.

Ал Қазақстанның Қытаймен өзара қарым-қатынасы айрықша жылдамдықпен күшейіп келеді. ҚХР-мен өзара сауда байланысымыз 45 миллиард АҚШ долларына жуықтаса, алдағы жылдары бұл көрсеткішті еселей түсу міндеті бар екені тағы айтылды.



Қытай капиталының қатысуымен 200 бірлескен жоба жүзеге асырылып, нәтижесінде елімізде 50 мың жұмыс орны қалыптасты. Бұл – демографиялық өсімді тұрақты сақтап отырған қай мемлекет үшін де үлкен қолдау, айрықша басымдық.

Біртұтас стратегиялық аймақ

Ал өздерін «Халықаралық дипломатияның жаңа орталығы» деп атап, кейінгі жылдары жаңару дәуірін бастан кешіп жатқан Өзбекстан ұстанымы қандай? «Орталық Азия – ЕО» саммитінен кейін Өзбекстанның халықаралық саяси алаңда салмағы едәуір артқанын жасыру мүмкін емес. Мұның сыртында оңтүстіктегі көршілеріміз өздерінің демографиялық өсімін және экономикасының қуатын арттыру бағытындағы әрбір бастамасын ерекше көрсетуге айрықша жұмыстанып келеді. Он жылға жақындаған Шавкат Мирзиёев билігі Өзбекстанның оңашалану саясатын барынша жібітіп, айналасындағы елдермен қарым-қатынасын арттыруға белсенді жұмыс істеп келеді. 2018 жылы Өзбекстан бастамасымен аймақтағы бестіктің көшбасшыларының дәстүрлі кездесуі жүйеленді. Осы бастама аймақтағы күрделі мәселелерді талқылауға арналған дипломатиялық алаңға айналып үлгерді.

Мысалы, 2025 жылы наурыз айында Худжанд қаласында Өзбекстан – Қырғызстан – Тәжікстан «Үш ел шекарасының түйіскен нүктесі туралы келісім» мен «Мәңгілік достық жөніндегі Худжанд декларациясын» қабылдап, шекара жөнінде шешілмей келген түйінге нүкте қойды. Бұл – Өзбекстанның халықаралық саяси қауымдастық алдындағы беделін арттырып, өзбек дипломатиясының деңгейін айқындаған жүріс еді. Үстіміздегі жылдың сәуір айында Өзбекстан саяси беделін арттыратын тағы бір маңызды жүріс жасады: ол Самарқанд қаласында ОА елдерінің көшбасшылары мен ЕО басшылығының бір үстел басына басын қосқаны еді. Еурокомиссия төрағасы дәл осы саммит қорытындысына аймақ елдеріне 12 млрд. еуро инвестиция құюға мүдделі екенін мәлімдеді. Осылайша Өзбекстан бастамасымен Еуроодақ алдында Орталық Азия елдері біртұтас стратегиялық аймақ ретінде көрініс

тапты. Өзбек билігі АҚШ, Қытай, Ресей, Үндістан, Түркия арқылы өзінің ең қиын мәселелерін шешуге мүдделі. Кедейлікті жойып, экономикасына жедел эффект беретін тікелей инвестицияларды тарту, сондай-ақ, жаһандық тауар айналымында көлік-логистикалық әлеуетін ұсыну сияқты міндеттер бағытында өте белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Байқасаңыздар, кейінгі жылдары өзбек билігінің тұрақты әрі белсенді ақпараттық кампаниясы қазақ қоғамында да позитивті қабылдана бастады. Бауырлас халықтың жетістігіне қуанып, тілеуқор болған дұрыс, бірақ «Өзбекстан Қазақстаннан көш ілгері» дейтұғын пікірлерге тоқтау қою – мемлекеттік идеологияның мойнындағы жүк. Керісінше, Орталық Азияның тұтас аймақ екенін, бауырлас елдердің ынтымақ-бірлігін насихаттаған абзал.

Тәжікстан, Қырғыз Республикасы мен Түрікменстан салалық бағыттардағы көшбасшылықты таңдайды. Мысалы, Тәжікстан БҰҰ деңгейінен бастап барлық ұйымдарда, үкіметаралық келіссөздерде су мәселесіне баса назар аударады. Аралды құтқару және тау мұздықтарының еру жағдайы сияқты климаттық мәселелерде ерекше белсенділік танытып, тұтас аймақтың мүддесін қорғайтын бастамалар көтереді. Ал Қырғыз Республикасы таулы елдерге ортақ мәселелерге баса назар аударған. Өз алдына оңашалануды көздейтін Түрікменстан билігі Каспий теңізін пайдалану, аймақты бейбітшілік ортасы деп тану сияқты бастамаларымен тек Орталық Азия емес, өзге де мемлекеттердің қолдауына ие болып келеді.

Өңір тыныштығы – маңызды жауапкершілік

Қалай десек те, кейінгі бесжылдықта Орталық Азия елдерінің өзара қарым-қатынасы ерекше қарқынмен күшейіп келеді. Аталған кезеңде сауда айналымы 6 млрд. АҚШ долларынан 12 млрд. АҚШ долларына дейін өсті. 2023 жылдан бері қарай Аралды құтқару жөніндегі халықаралық қорды қайта жаңғырту, Көлік байланысы жөніндегі үкіметаралық кеңес, Энергетика жөніндегі аймақтық кеңес құрылды. Бұлардың барлығы – аймақтағы мәселелерді жедел шешу міндеті жүктелген диалог алаңдары.

Ресейдің аймаққа баламасыз ықпалы азайып келе жатыр. Бұл туралы сарапшылар да, Ресейдегі Кремль саясатының насихатшылары да, шетелдік спикерлер де айтып келеді. Өте терең әрі жұмсақ дипломатиясының негізінде Қытай аймаққа миллиардтаған долларды құрайтын инвестициялар салып келді. Жылдар бойы тек экономикалық ынтымақтастыққа негізделген қарым-қатынас кейінгі жылдары саяси сипат ала бастады.

Ресейдің, Қытайдың, Еуроодақтың, АҚШ пен Түркияның Орталық Азияға ықпал етуге құлшынысы жоғары. Орталық Азия елдерінің осы тұстағы ортақ мүддесі – аймақ ретінде ауызбіршілік танытып, қауіп-қатерлерді терең зерделеу және ұтымды шешімдер қабылдау.

Бүгінгі күннің міндеті – Орталық Азия елдері көшбасшылыққа таласпай, аймақтағы саяси мәселелер күн тәртібін өздері айқындап, сыртқы күштерге аймақ позициясын көрсете алатын деңгейге жету. Кері жағдайда, әр мемлекетті бөліп алып билеуге мүдделі тараптар дайын отырғанын түсіну қажет.

Орталық Азия елдерінің кейінгі жылдардағы экономикалық байланысы көз қуантады. Бауырлас халықтардың болмыс-бітімі де, тілі мен діні де ұқсас, бұл факторлар интеграцияны күшейтуде айрықша рөл атқарады. Орны толмай келе жатқан тұсымыз – аймақ елдерінің интеграциясында жұмсақ күштерді пайдалана алмай отырғанымыз. Мәдени-гуманитарлық байланысты күшейтпесек, дәл осы вакуумды өзге құндылықтармен толтыруға ұмтылыс танытып келе жатқан тараптар да жеткілікті.

Аймақ тыныштығы – аймақ елдерінің саяси билігі мойнындағы ауыр жауапкершілік, аманат, сын. Өз болашағы мен күн тәртібін өзі анықтайтын аймаққа айналу көз десек, қыруар шаруа кезек күтіп тұр. Бауырлас елдер билігінің түпкі ниеті түзу болсын дейміз...

Әділет МӘДЕНИЕТ, сарапшы.



ОТАНДЫҚ ӨНІМ

ТЕХНОПАРК ТЫНЫСЫ

Шаһар басшысы индустриялық жобалармен танысты



Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды жұмыс сапары барысында «Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағында («АТП» АЭА) орналасқан кәсіпорындардың жұмысымен танысты. АЭА аумағында негізінен электроника, телекоммуникация және медициналық жабдықтар шығаратын өндіріс ошақтары шоғырланған.

Бүгінде бұл аймақта 60-тан астам шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді. Олардың арасында өндірісті жергіліктендіру деңгейі жоғары, экспорттық әлеуеті бар кәсіпорындар да бар. Қала басшылығына АЭА-ның негізгі даму көрсеткіштері мен болашақ жоспарлар таныстырылды.

Сапар аясында алғашқы болып NERO компаниялар тобының қызметі көрсетілді. Бұл кәсіпорын жылу, су, электр қуаты мен газды есептеуге арналған құрылғылар өндіреді. Өндіріс 1600 шаршы метр аумақта орналасқан. Жобаның жалпы инвестиция көлемі – 1,5 млрд. теңге. Мұнда 65 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Компания өнімдері республика көлемінде кеңінен қолданылады. Атап айтқанда, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ және Шымкент қаласындағы «Қуат Жылу Орта-

лық-3» мекемесімен бірлескен жобаларда пайдаланылады.

Одан кейін шаһар басшысы XFinity Solutions кәсіпорнына барды. Бұл компания 2024 жылы әлемге танымал Асег брендінің компьютерлік техникаларын жергілікті жерде құрастыру ісін қолға алған. Өндірістік қуаты – жылына 100 мың дана. Қазір мұнда 70 адам еңбек етеді. Мұнда Microsoft бағдарламаларымен жабдықталған ноутбуктер, моноблоктар мен жүйелік блоктар шығарылады. Кәсіпорын XFinity Group халықаралық холдингінің құрамына кіреді және ТМД мен Орталық Азия нарығында табысты жұмыс істеп келеді.

Келесі нысан – SMART ALATAU зауыты. Бұл өндіріс орны 2024 жылдың қараша айынан бастап телекоммуникациялық құрылғылар – коммутаторлар, модемдер, IP-телефондар мен теледидар

приставкаларын шығара бастады. Мұнда 60 қызметкер еңбек етеді. Жылдық қуаты – 300 мың дана өнім.

Сапар соңында қала әкімі Juldyz Kenan Co., LTD компаниясының жұмысымен танысты. Медициналық бұйымдар шығаратын бұл кәсіпорын 2025 жылы ақпан айында іске қосылған. Зауыт жылына 10 миллион данаға дейін өнім өндіреді. Жобаға 2,1 млрд. теңге көлемінде инвестиция құйылған. Мұнда 120 адам тұрақты жұмыс істейді. Кәсіпорын катетер мен зондтан бастап, бетперде, сондай-ақ педиатрия және хирургияға арналған құралдар шығарады.

Сапар қорытындысы бойынша мегаполис әкімі жоғары технологиялы және импорт алмастыратын өндірістерді дамыту, экспорттық бағыттағы кәсіпорындарды қолдау, сондай-ақ, жаңа, сапалы жұмыс орындарын ашу әкімдік жұмысының басты басымдықтарының бірі екенін айтты.

Сонымен қатар, Дархан Сатыбалды аяқталмаған құрылыс нысандарына техникалық аудит жүргізіп, олардың болашағына қатысты нақты ұсыныстар әзірлеуді тапсырып, ұсыныста іске асыру мерзімі мен инвестиция тарту мүмкіндіктері де көрініс табуға тиіс екенін тілге тиек етті.

«Қазіргі жағдайға талдау жасау маңызды. Кім белсенді жұмыс істеп жатыр, кім әлі де тоқтап тұр, ал кім жер телімін алғанымен, құрылыс жұмыстарын бастамаған. Осының бәрі нақты, әділ бағалануы қажет. Қабылданатын шешімдер тиімділікке негізделуге тиіс», – деді Дархан Сатыбалды.

Сондай-ақ, ол Алматыда сұранысқа ие отандық тауар өндірушілерді қолдаудың маңызын атап, инвестиция тарту мен қосылған құны жоғары өндірістік аймақтарды дамыту бағытында жүйелі жұмыс істеуге дайын екенін білдірді.

Әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



Суретті түсірген Samat SERIKBAIҰҰЛЫ.

ЖАРАМДЫ БОРДЮР қайта қолданылады

Алматыда бұқаралық Ақпарат құралдарының өкілдеріне жол жөндеу жұмыстары таныстырылды.



Досбол
АТАЖАН

Қалалық мобильділік басқарма басшысының орынбасары Асан Бостанов мегаполисте жол жөндеу жұмыстары қалай жүріп жатқанын баяндап берді. Оның айтуынша, қала көшелерін жөндеу барысында бордюрлердің жарамдылығы тексеріліп жатыр. Бұзылмаған жол жиектері қайта орнына қойылады. Мысалы, Әл-Фараби даңғылымен қиылысатын Серкебаев көшесінің бойында бордюр тексеріліп, тазаланып, қайта орнатылған.

– Биыл Алматы қаласында 300 шақырым жолға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұл дегеніміз, 377 көше. Жөндеу жұмыстары барысында жаяу

жүргіншілерін жолын бекітілген ережелерге сәйкес қалпына келтіру қарастырылған. Осы тұста ерекше атап өтетін жәйт – жол жөндеу кезінде бордюр жаңасына ауыстырылмайды. Яғни көшедегі жол жиектері алынып, тексеріледі және тазаланады. Бұзылған тастар жаңасына ауыстырылады, ал жарамдылары қайта орнына қойылады. Мердігер ұйымдарға бордюрлерді дұрыстап тексеру, нормативке сай тастарды қайта қолдану туралы қосымша тапсырма берілді. Бұл жұмыстардың маңызы – тексерілмеген, ережеге сай келмейтін бордюрлер қалып қойса, жол төселген кезде олар қайта бұзылуы мүмкін, – деді ол.

Еске салайық, бұған дейін Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды «Бордюрді немесе тас жолды тек ауыр зақымданған, көрініп тұрған ақауы бар жағдайда ғана ауыстыру керек. Бекерге қаржы шашпай, бюджетті тиімді пайдалануға назар аударыңыздар», – деп, жарамды жол жиектері мен бүлінбеген асфальт жабындарын орынсыз ауыстырмауға тапсырма берген еді.

БРИФИНГ

МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІКТІ МЕНШІКТЕУГЕ БОЛМАЙДЫ

Алматыда жекешеленген балабақшалар сот арқылы қайтарылып жатыр

Қазіргі таңда Алматы Мемлекеттік активтер басқармасы кезінде жекеменшікке өтіп кеткен бұрынғы балабақша ғимараттарын, сонымен қатар ірі комбинатқа тиесілі бір ғимаратты қаланың меншігіне қайтару үшін жүйелі жұмыстар жүргізіп жатыр. Аталмыш бастама мемлекеттік балабақша ашу жөніндегі қала басшысының тапсырмасы негізінде іске асқалы отыр. Өңірлік коммуникациялар қызметі орталығында өткен басқосуда Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасы басшысының орынбасары Жантөре Айтжанов осы мақсатта жалға алу шартының басым бөлігі бұзылып, қазір тараптардың екі нысанды қайтару үшін соттасып жатқаны жөнінде әңгімеледі.



Рая
ЕСКЕНДІР

Бір кездері, яғни нақтырағы 2002 жылдан бастап 11 балабақша ғимараты жекеменшік пен арнаулы орта білім беру мекемесіне жалға берілген еді. Олардың қатарында, «Ақ ниет», «Элко», «Лидер», «Арай», «Магистр», «Сенім», «Кәсіпкерлер мектебі», «Көгілдір желкен», «Теремок», «Айгерім» мен Алматы менеджмент және сервис колледжіне 10 балабақша мен бір комбинат ғимараты жалға берілген. 2020 жылдың мамыр айында Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев жеке ұйымдармен жасалған мүлкті жалға беру шарттарын кезең-кезеңімен бұзу туралы шешім қабылдаған еді. Жалпы, бұл шешім мектепке дейінгі жаңа ұйымдарды құру үшін қабылданған болатын. Енді осы оқу орындарымен жасалған барлық жалға алу шарты қайтадан бұзылып отыр.

Мәселен, 2023 жылдың маусым айында «Арай» мен «Сенім» мекемесіне нысандарды қайтару

туралы ресми хабарлама жолданып, шілде айында арадағы жалға алу шарты бұзылғанымен, олар нысанды босатудан бас тартқан еді. Осыған байланысты Алматы қаласының Мемлекеттік активтер басқармасы Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына талап-арыз беріп, сот талапты қанағаттандырды. Дегенмен, соттың шешіміне қарамастан, «Арай» мен «Сенім» мекемесінің қызметкерлері бұл нысандарды босатпай, әлі күнге отыр. Қазіргі таңда Алматыдағы Әділет департаментіне оларды мәжбүрлеп шығару материалы тапсырылды. Сондай-ақ, «Арай» мекемесі ғимаратты 2025 жылғы 1 қыркүйекке дейін босатуды кейінге шегеруін сұрағанымен, 3 шілдеде өткен сот оған келіскен жоқ.

Құқықтық рәсім аясында 2025 жылғы 14 пен 15 шілдеде Алматы қаласының Әділет департаменті аты аталған мекемелерді нысаннан шығаруды бастағалы отыр. Бұл ретте нысандарды коммуналдық меншікке қайтару мен оларды құрылыс-жөндеу жұмысына даярлау барысы заң шеңберінде іске асады.

АЛМАТЫ – ЖАСТАР ҚАЛАСЫ

ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Елдос пен Димаш бейнеленген жерде жаңа идеялар туады

Алматыда «АМАНАТ» Партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының ұйымдастыруымен Мәжіліс депутаттары мен жастар арасында кездесу өтті.



Дана
САДЫРҚАН

Жиынға Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Айдоc Сарым мен Дмитрий Понамарёв, «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері, жоғары оқу орындарының студенттері, жас кәсіпкерлер мен еріктілер қатысты.

Аталған іс-шара жастар мен билік арасындағы сындарлы қарым-қатынасты нығайтып, қоғамдық-саяси белсенділігін арттыруға, маңызды мәселелер бойынша пікір алмасуға бағытталған. Кездесу барысында жастар мемлекеттік бағдарламалар мен бастамаларға, қала өміріне қатысты сауалдарын ашық қойып, ұсыныстарын еркін білдірді.

Басқосу аясында жаңартылған коворкинг орталығының салтанатты ашылуы өтті. Бұл орталық жастардың білімін жетілдіруге, тың жобалармен айналысуына және ортақ идеяларын дамытуға арналған жаңа кеңістік болмақ.

– «Жастар Рухы» ЖҚ филиалының ішіндегі коворкинг қабырғаларына 2024 жылы Париж Олимпиадасында Қазақстан

қоржынына алғашқы алтынды салған Елдос Сметов пен ҚР Халық әртісі Димаш Құдайбергелді бейнеледік. Бұл екі дарынның арасында ұшып жүрген қарлығаштар – бейбітшіліктің символы, киіз үй – молшылық пен тоқшылықтың белгісі, – деді Алматы қаласы Алатау аудандық «Жастар Рухы» ЖҚ филиалының төрағасы Еламан Бақтұрар.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айдос САРЫМ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

МАҚСАТ – НАҚТЫ ҰСЫНЫСТАР ЖИНАУ

Алматы қаласында «АМАНАТ» партиясының әрбір депутатының белгілі бір объектісі бар. Мәселен, қазіргі таңда құрылыстың барысын тексеру, еңбек ұжымдары, жастармен кездесу ұйымдастыру, қабылданған заңдар, жасалған жұмыстар бойынша пікір алмасу шаралары жалғасып жатыр. Қала урбанистикасы мен өзін-өзі басқару жүйесіне байланысты тағы бір кездесу болады. Мұндай кездесулердің басты мақсаты – болашақта қабылданатын заңдарға нақты ұсыныстар жинау. Жергілікті өзін-өзі басқару туралы Заңды бастамашыл топ болып 8 депутат ұсынған едік. Жастармен жүздесуде жаңа идеология мен жаңа қоғамға негізделген «Адал азамат», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» секілді бағдарламаларды да ұғындыруға тырысамыз.



БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ҚАЛА КЕЛБЕТІ

Халық қолдаған жобалармен көркейеді

Алматының Бостандық ауданы қала экономикасының басты қозғаушы күші болып қала береді. Биылғы алғашқы алты айдың қорытындысы бойынша аудан инвестиция, кәсіпкерлік, сауда мен салық түсімі жағынан тұрақты өсім көрсетті. Осы жетістіктер туралы аудан әкімі Санжар ӘЛИН Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында толығырақ тарқатты. Брифингтен соң БАҚ өкілдері Бостандық ауданында ұйымдастырылған баспасөз турына қатысты.

Нұржамал
Әліш

Тұрғындардың арманы орындалды

Бостандық ауданы әкімдігі мен Өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған баспасөз туры барысында көз жеткізгеніміз, ауданда «Халық қатысатын бюджет» жобасы сәтті жүзеге асырылуда. Мәселен, дәл қазір Торайғыров көшесін Саин көшесінен Әбіш Кекілбаев көшесіне дейін абаттандыру жұмысы қарқынды жүргізілуде. Бұл жұмысқа, әрине, тұрғындардың өздері бастамашыл болған.

Дәлірек айтсақ, абаттандыру идеясының авторы – аудан тұрғыны Айман Бекбергенова. Ол былтыр осы аумақты «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасына қосуды ұсынған. Бұған дейін бұл жердің инфрақұрылымы әбден ескіріп, заман талабына сай келмейтін. Жаяу жүргіншілер мен велосипед жолдары қиылысып жатты, тротуарлары тар, қолайсыз болды, аялдамада да адам айналып жүре алмайтын.

Мұның бәрі қолайсыздық тудырып, серуендеуге, демалуға, екі араға қауіпсіз қатынауға кедергі келтірген. Көршілердің үн қосуымен, қолдауымен жоба қаржыландырылып, енді ауқымды жұмыс қолға алынған.

► «Біз бұл жерде көп жылдан бері тұрамыз. Торайғыров көшесі жүруге, серуендеуге, тынығуға ыңғайлы әрі әдемі болғанын армандап келдік. Адамдар веложолмен жүретін, тротуар тар, аялдамада ешқандай жағдай жасалмаған. Тіпті, бала да ойнайтын алаң болмаған. Біз мұны өзгертуіміз, өзіміз атсалысуымыз керек деп шештік. Сөйтіп, көршілер бірігіп, өтініш бердік. Енді көшеміздің қалай өзгеріп жатқанын көріп отырмыз.

Қазір мұнда заманауи орындықтар, көлеңкелі шатырлар, әткеншектер қойылып, айнала көгалданды. Жарығымыз да самаладай жарқырап тұрады түнде, камера да орнатылған, көшеде жүру қауіпсіз. Бұл енді жәй тротуар емес, уақыт өткізіп, отбасымызбен демалатын жер де болады», – дейді жоба жетекшісі, аудан тұрғыны Айман Бекбергенова.

Аудан әкімінің сөзіне сүйенсек, мұндағы 4,2 гектардан астам аумақты қамтитын жаяу жүргіншілер аймағы «адамдарға арналған қала» қағидатына сай жасалуда. Аумақ толық тазартылып, ескі құрылымдар бұзылды, инженерлік жұмыстар жүргізіліп, жаңа жабын төселіп жатыр.

Барлық жұмыс биылғы күзде толықтай аяқталады. Сонда біз тактильді плиткалармен жабдықталған кең тротуарларға, ағаш перголалары бар демалыс аймағына, балалардың ойын алаңы мен жастарға



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

арналған воркаут алаңына, автоматты суару жүйесіне куә боламыз. Сондай-ақ, 1500-ден астам бұта мен 500-ге жуық ағаш егіледі.

Жасыл желектің саясында

БАҚ өкілдері аудан аумағындағы жасыл аймақтарды кешенді абаттандырудың бір бөлігіне айналған атоматтандырылған суару жүйесін салу жобасының іске асырылу барысымен де танысты. Бұл да жергілікті тұрғындардың бастамасымен, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының қолдауымен қолға алынған ауқымды жоба.

Былтыр Бостандық ауданының 10 учаскесінде автоматтандырылған суару жүйесі орнатылды. Сол жұмыс қарқынды түрде жалғасуда. Биыл жасыл аймақтардың тағы 4 учаскесі заманауи суару жүйелерімен жабдықталатын болады.

► «Қазіргі уақытта ауданда жасыл желектің 310 гектары суару жүйесімен қамтылды. Жалпы, біз суаратын аумақты жыл сайын ұлғайтып жатырмыз. Былтыр бізде 312 мың шаршы шақырымды қамтыған 10 жоба болса, биыл тағы 110 мың шаршы шақырым болатын 5 жобаны қостық. Әл-Фарабидің оңтүстігі мен солтүстік бетін жасадық.

Кейбір су тимеген жерлер де қосылды. Оның арасында Гагарин бульвары, Гагарин көшесінің жанындағы алаң, Абай мен Тимирязев көшесі де бар. Әзірге орталықтандырылған жүйе жоқ аумақтарда суару машиналары мен мотопомпалардың көмегімен жүзеге асырылады. Мердігерлер суару кестелерін қатаң сақтайды және өсімдіктерге күтім жасау сапасын бақылайды», – дейді аудан әкімі Санжар Әлин.

Автоматты суару жүйелері заманауи стандарттарға сәйкес жасалады. Оларға жерасты құбырлары, ауа райы датчиктері және орталықтандырылған басқару кіреді. Жұмыстар елеулі инженерлік дайындықпен сүйемелденеді: сорғы жабдықтары, су жинауға арналған резервуарлар орнатылады және суару желісі сұйылтылады. Болашақта ауданның барлық жасыл аймағын тамшылатып және автоматты суару жүйелеріне кезең-кезеңімен қосу жоспарлануда. Бұл сұрауы бар суды ұтымды пайдалануға және жасыл кеңістікті жыл бойы жақсы ұстауға мүмкіндік береді.

Біздің бульварға келіңіз!

Аудандағы Жандосов көшесінен Абай даңғылына дейінгі Гагарин бульвары учаскесінде заманауи жаяу жүргіншілер аймағын құру бойынша ауқымды жоба аяқталды. Тұрғындар бастамасымен жүзеге асырылған абаттандыру жұмысымен журналистер де танысты.

4,8 гектардан астам жерді қамтып жатқан аумақ бульвар болғалы күрделі жөндеу көрмеген екен. Ескі шамдары істен шыққан, орындықтары тозған, қас қарайған шақта бульварда жүру қауіпті болатын, бір сөзбен айтқанда, үлкен-кішіге серуендеу, отырып тынығу мүмкін емес.

Ал қазір «Халық қатысатын бюджет» жобасының нәтижесінде Гагарин бульвары түрленіп шықты. Мәселен, жаяу жүргіншілер аймағы «адамдарға арналған қала» қағидаты бойынша қайта ойластырылды және жабдықталды. Тротуарлар кеңейтілді. Заманауи шамдар орнатылды. Аумақ тазартылды, инженерлік желілер ауыстырылды, жаңа жабын төселді. Бұл аумақ толыққанды қоғамдық кеңістікке айналды. Нәтижесінде үлкен де, кіші де емін-еркін демалатын бульвар.

Жоба аясында жүзеге асырылған жұмыстар:

- тактильді плиткалары бар кең тротуарлар;
- жүгіру жолы;
- ағаш перголалары бар демалыс аймағы;
- балалар ойын алаңы;
- мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған инклюзивті ойын алаңы;
- жастарға арналған воркаут-аймақ;
- автоматты суару жүйесі;
- 1000-нан астам бұта мен 200 ағаш отырғызылды;
- заманауи шамдар;
- бульвардың бүкіл ұзындығы бойынша жаңа ыңғайлы орындықтар қойылды.

Айтпақшы, тұрғындардың өтінішімен скандинав жолы, спорттық және инклюзивті алаңдар ашылды. Мұның бәрі жолды кесіп өтпейтіндей, тұрғындарға ыңғайлы етіп жасалған. Кешке таман бұл бульвар жетектескен қарияларға, қолтықтасқан жастарға, құлдыраңдап жүгірген бүлдіршіндерге толып кетеді. Жайлы орта деген – осы.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Алматыда инженерлік инфрақұрылымды жаңарту жұмыстары қарқын алуда. Қала тұрғындарын сапалы әрі үздіксіз ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында «Алматы Су» мекемесі құбырлар мен кәріз жүйесін кезең-кезеңімен жаңалап жатыр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында «Алматы Су» компаниясы өндіріс жөніндегі бас директорының орынбасары Берік ЖАМБЫЛОВ мәлімдеді.

ҚҰДЫҚ ТАЗАРЫП, ҚҰБЫР АУЫСТЫ

Алматылықтар енді үздіксіз әрі сапалы сумен қамтылады

Берік Жамбыловтың айтуынша, бүгінге дейін қала бойынша 543 шақырым су құбыры мен кәріз желісі жаңартылып, пайдалануға берілген. Бұған қоса, қолданыстағы ескі коммуникациялар да қайта жаңартылуда. Нәтижесінде тозған су құбыры желілерінің көрсеткіші 51,73%-ға дейін (жыл ішінде 3%-ға төмендеді), ал кәріз жүйелері бойынша 50,47%-ға дейін (5%-ға) қысқарған. 2025 жылы «Алматы Су» инженерлік жүйелерді дамыту бағытында 14,8 миллиард теңге инвестиция салуды жоспарлап отыр. Оның аясында ескі әрі тозығы жеткен 50 шақырым су және кәріз желісі ауыстырылады. Маңыздысы – бұл жұмыстар тұрғындарға қолайсыздық тудырмай, ауыз су үзіліссіз беріледі. Сондай-ақ, көлік қозғалысына да кедергі келтірілмейді.

Ауқымды жобалар тұрғындар игілігі үшін

Биыл жүзеге асатын негізгі жобалардың қатарында Мыңбаев көшесіндегі магистральды су құбырын алмастыру, «Таусамалы» (Каменка) ықшамауданындағы инженерлік желілерді қайта жаңарту және Тимирязев көшесінде ор қазбай (траншеясыз) жаңарту технологиясы арқылы коммуникацияларды жаңарту жұмыстары жоспарлануда. Барлық құрылыс-монтаж жұмыстары жылыту маусымы басталғанға дейін толық аяқталуы тиіс. Инженерлік желілер орнатылған соң бірден жол жамылғысы қалпына келтіріледі. Сумен жабдықтау жүйесін жаңартуға бағытталған бұл кешенді іс-шаралар инфрақұрылымның тиімді әрі ұзақмерзімді жұмыс істеуіне жағдай жасайды.

Алдағы кезеңде тағы да ірі техникалық жаңғырту жұмыстары жоспарланған. Атап айтқанда, 2025 жылы 4 су айдау станциясы күрделі жөндеуден өтеді. Сонымен бірге, 200 дана су айдау жабдығы, 444 дана жаппаш арматура, 4 трансформаторлық қосалқы станция ауыстырылады. Бұдан бөлек, 2 таза су резервуары салынып, қолданыстағылары күрделі жөнделеді. Су ұңғымалары мен өрт гидранттары да назардан тыс қалмайды – олар да кезең-кезеңімен жөнделіп, жаңартылатын болады. Жұмыс барысында арнайы техника да жаңғыртылады.

Қысқа дайындық қызу жүріп жатыр

Қала инфрақұрылымын қысқы кезеңге дайындау да жоспарлы түрде атқарылуда. Жыл соңына дейін 700 шақырымнан астам құбыр жуылады, 10 мыңнан аса өрт гидранты тексеріліп, жөнделеді. Сонымен қатар, 100 мыңнан аса құдық тазартылып, 1200 дана жаппаш арматура жөнделіп, қажет жағдайда жаңасына ауыстырылады. Алматы қаласының су жүйесін кешенді жаңғырту жобасы тек сумен жабдықтау сапасын арттырып қана қоймай, инженерлік желілердің үздіксіз әрі ұзақмерзімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Ернұр ЕРЛАНҰЛЫ.



ӘКІМ

Шаһар басшысы Дархан Сатыбалды Әуезов ауданындағы Жастар комьюнити-орталығына барып, жастармен емен-жарқын кездесу өткізді. Жүздесудің негізгі өзегі – жұмыс табу, кәсіби даму, қалалық және экологиялық бастамаларға қатысу мәселелері болды.

Нұржамал
Әліш

Ашық та еркін диалог барысында белсенді жастар тың идеяларын бөлісті, ойға алған жобалары туралы айтып, жастарды қолдаудың жаңа форматтарын ұсынды. Олар сұранысқа ие мамандықтар бойынша қысқа мерзімді офлайн-курстарды іске қосу, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына қатысу, жас мұғалімдер мен дәрігерлерді уақыт талабына сай өзекті soft skills-ке оқыту сынды мәселелерді көтерді.

Кездесу барысында алдағы 12 тамызда атап өтілетін Халықаралық жастар күніне дайындыққа ерекше назар аударылды. Алматыда жастарды әлеуметтік маңызы бар қызметке тартуға, олардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуға және белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға бағытталған бірқатар іс-шара жоспарлануда.



Шаһар басшысы жастардың өз көзқарасын, азаматтық ұстанымын еркін танытуға және олардың қаланың дамуына өз үлесін қосуына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік

беретін «жастар қатысатын бюджет» тетігін әзірлеуді тапсырды.

«Бүгінде Алматыда 700 мыңнан астам жас тұрады. Олардың әрқайсысының сапалы

білімге, кәсіби және шығармашылық дамуына қол жеткізуін қамтамасыз ету, олардың әлеуетін іске асыру – біздің ортақ міндетіміз. Жастар – қаланың айнасы, ең мықты күш қуаты һәм болашағы. Мұндай кездесулер жастардың сұранысын түсініп, бағамдауға нақты шешімдер қабылдауға және алға қарай бірге жылжуға көмектеседі», – деп атап өтті Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды.

Қала басшысы кездесуде айтылған барлық ұсыныс мұқият қаралып, зерделеніп, мүмкіндігінше іске асырылатынын атап өтті. Жастардың дамуы үшін жағдай жасау – қала саясатының басым бағыттарының бірі.

Бүгінгі күні қалада 11 комьюнити-орталық жұмыс істейді. Онда жастар психологиялық және заң көмегінен бастап, кәсіптік бағдар алуға, тілдік курстар мен мемлекеттік бағдарламалар бойынша консультацияларға дейін тегін қызмет алады. Аталған қауымдастықтар қаланың жас тұрғындарының мүмкіндігін, дарынын ашуға, кез келген бастамаларын қолдауға дайын, есігі әрқашан ашық заманауи орталыққа айналып келеді.

ПРЕСС-ТУР

ТЕАТР ЖАҢАРАДЫ, АУЛАЛАР ЖАЙНАЙДЫ

Әуезов ауданында тұрғындар игілігіне бағытталған жобалар жүзеге асуда

Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі мен Әуезов ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен бұқаралық ақпарат құралдары үшін арнайы баспасөз туры өтті. Басты мақсат – аудан аумағында атқарылып жатқан инфрақұрылымдық, мәдени және әлеуметтік жобалардың барысын көрсету, жүзеге асып жатқан жұмыстардың ашықтығын қамтамасыз ету және қала тұрғындарына ауданның даму қарқыны туралы нақты ақпарат ұсыну. Журналистер Н.Сац атындағы театрдың қайта жаңғыруымен, бұрын бос жатқан жерде халыққа арналған қоғамдық кеңістіктің ашылуымен және көпқабатты тұрғын үйдің ауласын кешенді абаттандырумен танысты.

Ернұр
РысбайТарихи идея мен заманауи
шешімдер тоғысы

БАҚ өкілдері алдымен Н.Сац атындағы Орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрына барды. Бұл нысанда құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Жаңғырту жобасы аясында театрдың тарихи бейнесі мен сәулеттік ерекшеліктері сақталып, заманауи технологиялармен толықтырылуда. Жоба жетекшісі Асқар Сағындықовтың айтуынша, құрылыс барысында тарихи ғимараттың мәртебесі мен архитектуралық элементтері толық ескерілген. Театрдың кіреберісінде бұрын орнатылуы жоспарланған мәрмәр панно – еліміздің көрнекті тұлғасы Дінмұхамед Қонаевтың идеясы екен. «Қонаев жасаған бастапқы жобаны таптық. Онда кіреберіске мәрмәр панно орнату көзделген. Бұл 15 жыл бойы іске аспай келген. Енді біз сол идеяны толық жүзеге асырмақпыз», – дейді ол. Сонымен қатар, мозаикамен көмкерілген барельеф, чехословак люстралары, баспалдақтар мен канаттар қалпына келтірілмек. Люстралар қазір бөлшектеліп, арнайы жөндеу жұмыстарына жіберілген.

Ғимарат алғаш 1979-1980 жылдары мақта-тоқыма комбинатының мәдениет үйі ретінде салынған. Оның жобасын сәулетшілер Альбина Петрова, Гүлзара Жақыпова және Зауреш Мұстафина әзірлеген. Жоба жетекшісінің айтуынша, кезінде театр жұмыс істеп тұрған шақта да сыртқы тастар өздігінен үгітіліп, адамдарға қауіп төндірген. Сондықтан олар уақытша бекітілген.

Жаңарту жұмыстары аясында театр ғимаратының ауданы 9800 шаршы метрден 14 680 шаршы метрге дейін кеңейтіледі. Жертөле мен техникалық қабаттар кеңейтілмек. Көрермендер залына жайлы орындықтар қойылып, қатарлар арасындағы жолдар да кеңейтіліп, сыйымдылық 781 орыннан 744 орынға қысқарады. Театр сахнасы мен техникалық жабдықтар да толық жаңғыртылып жатыр. Бес көтергіш алаң, айналмалы және шығатын механизмдер, интеллектуалды жарықтандыру жүйесі, жаңа мультимедиялық құрылғылар орнатылады. Енді жарық пен сахна басқару жүйесі бір орталықтан басқарылады.

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Бос жатқан алаң
демалыс аймағына айналды

Баспасөз турының келесі нысаны – Әуезов ауданындағы жаңа қоғамдық кеңістік болды. Бұрын бос жатқан Момышұлы көшесінің төменгі жағындағы жер қазір заманауи демалыс, спорт және серуен аймағына айналған. Бұл жоба «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асқан. 91 миллион теңгеге бағаланған жоба аудан тұрғындарының ұсынысымен қолға алынған.

«Бұл жерге жарықтандыру жүйесін орнаттық. Кешке мұнда балалар, ата-аналар келеді. Альпілік төбешік пен сирек кездесетін шағын архитектуралық формалар бар. Секірмекті орнаттық, кейде адамдар кезекке тұрады. Шағын сахна да салдық. Мұнда балалар жиналып, интерактивті шаралар, шағын концерттер өткізіледі. Бұл олардың шығармашылығын дамытуға мүмкіндік береді» – деді Әуезов ауданының әкімі Абзал Егембердиев. Жаңа кеңістікте 550 м² брусчатка, 600 м² көгалдандырылған алаң, автоматты суару жүйесі, 140 ағаш, 27 жарық шамы, 11 бейнебақылау камерасы, 12 орындық пен қоқыс жәшігі, балалар алаңы мен спорттық воркаут аймағы, амфитеатр, арка және колонналар қойылған кіреберіс, 3D қоршау сынды көптеген элементтер орнатылған.

Аудан халқының тығыздығы жоғары: 1 шаршы шақырымға 13 мың адамнан келеді. Сондықтан мұндай қоғамдық кеңістіктердің қажеті зор. Биыл ауданда «Халық қатысатын бюджет» аясында 30 жоба жүзеге асып жатыр: 24-і – қоғамдық кеңістік, 6 жоба – аулаларды абаттандыруға бағытталған. Барлық жұмыс 2025 жылдың 1 қыркүйегіне дейін аяқталады.

Қауіпсіздік пен жайлылық –
басты назарда

Пресс-тур соңында журналистер Жандосов көшесі, 57 мекенжайындағы ауланы аралады. Мұнда күрделі жөндеу жұмыстары толық аяқталған. Жобаның мақсаты – тұрғындар үшін қолайлы, қауіпсіз және жан-жақты орта қалыптастыру.

Әкімнің айтуынша, аулаға 622 м² асфальт төселіп, 405 м² резеңке жабын салынған. Сондай-ақ, 6 шағын архитектуралық нысан, 7 орындық пен қоқыс жәшігі, қалқасы бар 4 көше тренажері, футбол және баскетболға арналған көпфункционалды спорт алаңы, 8 жарық шамы, 4 бейнебақылау камерасы орнатылған. Балалардың қауіпсіздігі үшін 40 метр қоршау тартылған.

Әуезов ауданы – Алматыдағы аулалары ең тығыз орналасқан аудан. Мұнда 966 аула бар. 2024 жылы 65 аула жөнделді: оның ішінде 23-і күрделі жөндеуден, 42-сі «Халық қатысатын бюджет» жобасымен өтті. Бұдан бөлек, 115 ауланың жабындысы жаңартылды. Биылдың өзінде 100 аула жөнделмек.

Жандосов көшесіндегі аула бірнеше аймаққа бөлінген: балаларға арналған ойын алаңы, жасөспірімдерге арналған аумақ, воркаут пен әмбебап спорт алаңдары, қалқадағы тренажерлер. Барлығы Алматының Бас жоспарына сай жобаланған. Сонымен қатар, «Сайран» ықшамауданында да 14 аула биыл күзге дейін толық жаңғырылмақ.

«Қауіпсіздік – басты басымдық. Ескі жабындар мен құрылымдар заманауи, жарақаттан қорғайтын материалдармен алмастырылып жатыр», – деді аудан басшысы.

Баспасөз туры Әуезов ауданында халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған ауқымды жобалар қолға алынғанын көрсетті. Бұл жобалардың барлығы – Әуезов ауданын тұрғындар үшін қолайлы, қауіпсіз әрі тартымды етуге бағытталған. Аудан әкімі Абзал Егембердиевтің айтуынша, «Іске асқан әр жоба – тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған». Әрбір нысан – осы ұстанымның нақты көрінісі. Театрдың жаңғыруы – мәдениетке қамқорлық, ал жаңа қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды абаттандыру – қала тұрғындарының жайлы өміріне жасалған нақты қадам.



ОЙТАЛҚЫ

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов: «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген екен. Бұл дәйекті ой әлі де өзекті. Қай кезеңде болмасын, рухани һәм материалдық байлық қатар жүргені абзал. Сонда ғана ел іргесі бүтін, шаңырағы биік, халқы бейқам күн кешері анық. Жаһан теңселіп тұрған бүгінгі шақта қандастар мәселесі, елдің түтінінің түзу ұшуы басты назарда болуға тиісті. Қазақта «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген аталы сөз бар. Қазақ елі өзінің беделін ұстап, еңсесін тіктеп келеді. Аталған түйткілдер төңірегінде ҚР Халық жазушысы, Түркі дүниесі әдеби сыйлығының лауреаты, Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының профессоры Смағұл ЕЛУБАЙ ағамыздың өткір ойларын, парасат-пайымдарын зерделеп, оқырманға ұсынғанды жөн көрдік.

Ұлттық негіз берік болсын десек...

Бұл – қазақ халқының басына түскен әрқандай нәубеттен туындады. Қызыл террор заманында дүниенің 44 мемлекетіне 5 миллиондай қазақ тарап кетті. Сол тарыдай шашылған қазақтың бір баласы біз болдық. Содан XX ғасырдың 60-жылдары елге қайтқан біз де оралманбыз. Бізді әке-шешей атамекенге көшірді. Отбасымыздың көшуіне себеп болған мен едім. Түрікменстанда жергілікті балалармен төбелесіп, ауылға сыймай, аудан орталығындағы интернатқа қашып келе бердік. Соны байқаған әкеміз Абат шаруа адамы ойланды, «түрікмен жері атақоныс болмайды екен» деп атажұртқа көшуді ұйымдастырды. Бірақ орнығып қалған, жағдайы жақсы, мал-мүлікті болған қазақтар шын мәнінде көшкісі келмеді. Сөйтіп, әкей бір жылдай шапқылады.

Қазақстанның Алматы облысына келіп, совхоз директорымен келісіп, үй дайындап қойғаннан кейін барып, 1961 жылы күзде ағайынды көшіріп әкелуге бастамашы болды. Сол жылы қатты суық болып, ел-жұрт шыдамай, жастар түрікмен жеріне қайта көшуді көздеді. Алайда, Абат әкем ауылдастармен тілдесіп, көндіріп, алып қалды. Сондықтан елдің көшуі оңай шаруа емес. Бұл өте үлкен тауқымет.

Қазір заман түзелді. Елдің аузы аққа тиді. Бізге көші-қон мәселесін тікелей, білек сыбанып, шынайы патриоттықпен, мықтап қолға алу керек. Біз үнемі бір мәселені айтып, жазып, жырлап келеміз. Қазақстанда ел басшысына тікелей бағынатын мемлекеттік «Көші-қон миграциясы агенттігі» құрылса екен. Бұл мемлекеттік орган жыл сайын Сыртқы істер, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау және т.б. миграцияға қатысты министрліктердің басын қосып, тұрақты комиссия жұмыс істеп отырса деген тілегіміз бар. Сонда ел басшысы көші-қон мәселесін біліп, нақты тапсырмалар беріп отырар еді.

Өйткені, шеттегі 5 миллион ағайын тым көп халық қой. Ағайын-жекжаттың басым көпшілігі Ресей, Қытай, Өзбекстан, Иран, Түркияда болса, қалғаны 40-тан астам елге, сонау АҚШ, Еуропаға дейін жер ауып, мұхит асып кеткен. Ендеше, бұл мәселені шешу біздің мемлекеттік, ұлттық бағдарламамыз болуға тиісті. Ата-бабаларымыз «жәй жатқан жер – жау шақырады» деп бекер айтпаған. Сол себептен де, жер жәй жатпауы керек, оны өзінің байырғы халқы – қазақтармен толтыруымыз қажет. Бұл – мемлекеттік іске айналаса дейміз. Міне, сонда ғана ұлттық негіз бен тәуелсіздік тұғыры берік болады.

Шеттегі 5 миллион қазақ ассимиляцияға түскелі тұр

Ұзын арқаны кеңге салып, қол қусырып, келетіні келе берер деп отыра бермейік. Өйтсек, шеттегі 5 миллион ағайыннан түгел айырыламыз. Жаһандану процесінде Қытайдағысы – қытайланып, Ресейдегісі – орыстанып, Өзбекстандағысы – өзбектеніп, Түркиядағысы – түріктеніп ассимиляцияға түсіп кететін түрі бар. Ашық деректерде сүйенсек, 2025 жылы 5,5 мың ғана қазақ елге оралыпты. Ал Қазақстанға дербестіктің таңы арайлап атқан шақтарда 1,2 миллион қазақ келген болатын. Әлеуметтік желіні қарап отырсақ, келгісі келмейтіндерді жарияға жар салатын бопты. Бұл – жөн емес-ті. Бір жағдайды айтып өтейін. Ауған-

Смағұл ЕЛУБАЙ:

БІЗ ДЕ АТАЖҰРТҚА ОРАЛҒАНБЫЗ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

Теріскейге ағайынды көптеп қоныстандырайық

Теріскейдегі елдімекендерде адам саны аз, кейбірі жабылып жатыр деп жиі естиміз. Ол жаққа халықты қоныстандырып та жатыр. Дегенмен, іс баяу. Оны қарқынды түрде әкім-қаралар қолға алса екен. «Көші-қон миграция» агенттігі Солтүстік пен Шығыс Қазақстандағы қос тізгін, бір шылбырды ұстап отырған азаматтармен бірге жұмыс істеп, қозғау салып отырар еді. Қандастарды босап қалған ауыл, бос тұрған үй, босаған қызмет орындарына орналастырып, жәй жатқан жайылымдық жерлерді пайдалануға беріп, қоныстандырайық.

Біз әрқашан қалт жібермей шетелдегі қазақтың мүддесін де ойлап отыруымыз керек. Келем деуші қазақтарға көп созбай Қазақстан Республикасының азаматтығын берейік. Дәп қазір Иранға, Ауғанстанға ұшақ жіберіп, қазақтарды алып келейік. Әйтпесе, қаншама адамның обалына қаламыз.

Кезінде жер ауып келген өзгелерге де жағдай жасадық қой. Бір үйдің жартысын, бөлменің бұрышын беріп, бағып-қақтық, енді өз қазағымызға көмектесе алмаймыз ба? Әлде бізге шеттегі қазақ керек емес пе? Тездетіп, қазақты Қазақстанға қайтарайық!

Олигархтар қандастарды әкелуге жәрдем бергені абзал

Бізде дәулеті асқан, мерейі тасыған алпауыт бай-манаптар көп. Олигархтар әбден байып, кемелінен асты. Шаруаны үкіметке ысырып қоя бермей, аса ауқатты адамдар қозғалуы керек шығар. Байлар көші-қон мәселесіне араласып, қандастарды атажұртқа алып келуге жәрдем берсе дейміз.

Осыған дейін белді кәсіпкер Тұрсын Алағөзовты білмеуші едік. Ол 100 адамға үй беріп, елдің алғысына бөленді. Оны бәрі талай рет айтып та, жазып та жүр. Дәл осы жолды ұстанып, сырт жақта зар жылап, табаны атамекенге жете алмай жүрген жанұяларды алып келу керек. Ол үшін байларға үндеу тастайық. Қазақстандағы байлығы көп, қаржысы өте мол олигархтар 100 қазақ отбасын шетелден көшіріп әкелсе болады ғой. Ұлттық мүдде жолында қазақтардың миграциясына көмектескен бизнесмендерге салықтан жеңілдік жасап, атымтай жомарттарды құрметке бөлеу қажет.

Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ЭКОАКЦИЯ

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында ең ауқымды сенбілік Наурызбай ауданында ұйымдастырылды. Мұндағы «Рахат» ықшамауданындағы саябаққа тек жергілікті тұрғындар ғана емес, қалалық мәслихат депутаттары, мәдениет қайраткерлері, белсенділер мен қоғам өкілдері де келіп қатысты.

ӘН ДЕ АЙТЫЛДЫ, ҚАЛА ДА ТАЗАРДЫ

Алматыда ауқымды сенбілік өтті

Сенбілікке тікелей қатысқан Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков Наурызбай ауданының тұрғындарына және барлық бей-жай қалмайтын алматылықтарға үндеу жасады.

– Бұл тек қаланың тазалығы мен экологиясына ғана емес, барша мәдениетімізге де оң әсер етеді. Бұл игі дәстүрге айналуы тиіс. Ортақ үйіміз – қаламызды таза ұстайық, – деді әкімнің орынбасары.

Сенбілікке мәдениет қайраткерлері де белсене қатысты. Қазақ мемлекеттік циркінің қызметкерлері үлкен топ болып келіп, саябақ аумағын тазартуға білек сыбана кірісті.

– Біз «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына үн қосып, бұған дейін Алматы циркі маңын абаттандырдық. Одан соң «Алматы Арена» маңындағы сенбілікке қатыстық. Бүгін 30 шақты қызметкерімізбен бірге Наурызбай ауданын тазартуға көмектесіп жатырмыз. Әрбір алматылыққа айтарым – өзіңнің айналады тазалаудан баста. Өз ауласын және қоғамдық кеңістікті таза ұстаған адам бөтелке немесе қоқысты кез келген жерге тастамайды, – деді Қазақ мемлекеттік циркі директорының шығармашылық даму жөніндегі орынбасары Нұрлан Алтаев.

Бізге әр үйдің маңында, түрлі ықшамаудандарда сенбіліктер өтіп тұрады. Бірақ мен әріптестеріммен бірге болу үшін осында келдім. «Таза Қазақстан» отбасынан, үйден, ошақ басынан басталады. Үйде, аулада, қоғамдық жерде тазалық болса, адамның жан-дүниесі де таза болады, – деді мәдениет қайраткері Бейбітгүл Нұрымқожина.

Алматыда 50 жылдан астам уақыт өмір сүріп келемін. Бұл қала мен үшін де, отбасым үшін де аса қымбат. Өз ауламызды үнемі таза ұстауға тырысамыз. Бүгін достарыммен бірге қоғамдық орынды тазалауға қатысуды жөн көрдік, – деді Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Амантай Берғалиев.

Сенбіліктен кейін мәдениет



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

қайраткерлері барлық қатысушылар мен жергілікті тұрғындар үшін арнайы ұйымдастырылмаған шағын концерт берді.

120 текше метрден астам қоқыс шығарылды

Қаланың барлық аудандарында қоғамдық кеңістіктер тазаланды. Мәселен, Алмалы ауданында сенбілікке 550-ден астам адам қатысты, 15-тен аса техника жұмылдырылды. Жалпы, 120 текше метрден астам қоқыс шығарылды. Қатысушылар проблемалы аумақтардағы ағаштарды санитарлық кесу жұмыстарын жүргізіп, жаяу жүргіншілер аймақтары мен қоғамдық орындарды ретке келтірді. Назарбаев – Абай – Розыбакиев – Шевченко көшелері шеңберіндегі аллея мен «Биокомбинат» скверіндегі жасыл аймақтар тазартылды.

Сонымен қатар, денсаулық сақтау, білім беру және бизнес нысандарының айналасын тазалау, жасыл желектерді суару, Үлкен Алматы өзені жағалауын кешенді тазалау жұмыстары жүргізілді. Ал Әуезов ауданында «Таза

Қазақстан» акциясы аясында 1300 адам сенбілікке қатысты. Олардың қатарында аудандық әкімдік қызметкерлері, жергілікті тұрғындар, жастар мен мердігер ұйымдардың өкілдері болды.

Ағаш қырқылып, жол тазаланды

Алатау ауданында да қоғамдық ұйымдар мен мәдениет қайраткерлерінің қатысуымен сенбілік өтті. Тазалық жұмыстарының негізгі бағыты «Шаңырақ-2» ықшамауданында (Әубәкіров–Ысқақов көшелерімен шектесетін, БАК бойы мен Қаракерме көшесіне дейінгі аумақ) жүргізілді.

Атқарылған жұмыстар қатарында шағынаудандағы күрделі учаскелерде ағаштардың санитарлық қырку жұмыстары жүргізіліп, жаяу жүргіншілер жолдары мен қоғамдық кеңістіктер толықтай тазартылды. Сондай-ақ, жасыл аймақтарда ретке келтіру жұмыстары орындалып, 350 текше метрден астам тұрмыстық және құрылыс қалдықтары шығарылды.

Сонымен қатар, Қаракерме

көшесі бойындағы габионды канал ішін тазарту жұмыстары да коммуналдық қызметтердің күшімен іске асты. Жалпы, сенбілікке 40-тан астам арнайы техника жұмылдырылды. Алатау ауданы көріктендіру бөлімінің басшысы Данияр Қаршыбековтың айтуынша, мұндай іс-шаралар ауданның экологиялық жағдайын жақсартумен қатар, тұрғындардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттырады.

Қоғамдық кеңістіктер ретке келтірілді

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Бостандық ауданында да ауқымды тазалық және абаттандыру акциясы өтті. «Қазақфильм» ықшамауданындағы бос жатқан жер мен Шие (Вишневая) көшесі ретке келтірілді. Бұл аумақты тазалауға коммуналдық қызметтер, Бостандық ауданы әкімдігі аппаратының қызметкерлері, сондай-ақ Бостандық комьюнити-орталығының жастары белсенді қатысты. Іс-шараға кәсіпкерлер, бизнес өкілдері, денсаулық сақтау мекемелері,

мектептер мен балабақшалар да атсалысты.

Нәтижесінде ағаш діндерін көтеру, өсімді бұтақтарды кесу, жаяу жүргіншілер аймақтары мен қоғамдық кеңістіктерді тазарту, жасыл аймақтарды ретке келтіру жұмыстары атқарылып, 250 текше метрден астам қоқыс шығарылды. Аудандық экоакцияға барлығы 1470-тен астам адам қатысты, 23 техника бірлігі жұмылдырылды.

Қала тазалығы – мәдениетіміздің айнасы

Медеу ауданында сенбілік өткізу нүктелері ретінде «Алатау» ықшамауданы, Ибрагимов көшесі, «Горный Гигант» ықшамауданы және Жамақаев көшесі таңдалды. Бұл жерлерде 283 адам жұмысқа шықты, 210 текше метр қоқыс шығарылды. Жұмысқа 25 арнайы техника бірлігі тартылды.

Атқарылған жұмыстар аумақты санитарлық тазалау, қоқыс шығару, ағаштарды санитарлық кесу, арамшөп шабу, орындықтар, қоқыс жәшіктері мен қоршауларды бояу, арық жүйесін тазарту. Сенбілік аясында тұрғындар үшін қоқысты сұрыптап жинау бойынша конкурс ұйымдастырылды, коммуналдық қызметтердің қатысуымен таңғы жаттығу және флешмоб өткізілді.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Түркісіб ауданына қарасты «Қайрат» ықшамауданында да жергілікті сенбілік өтті. Мұнда ықшамауданның барлық бөлігінде кешенді санитарлық тазалау жұмыстары ұйымдастырылды. Нәтижесінде 110 текше метрден астам қоқыс сыртқа шығарылды. Сенбілікке жалпы саны 1345-тен астам адам, оның ішінде бизнес өкілдері мен жеке кәсіпкерлер қатысты. Жұмысқа 14-тен астам арнайы техника тартылды. Жетісу ауданында өткен сенбілік акциясына 200 адам қатысты. 234 текше метр қоқыс шығарылды. Жұмысқа 20 арнайы техника жұмылдырылды.

**Бетті әзірлегендер
Олжас ЖОЛДЫБАЙ,
Ернұр РЫСБАЙ.**

ҰЛТТЫҚ МҰРА

БАБАЛАР ҮНІ БАЛАЛАР ҚОЛЫНДА ЖАҢҒЫРДЫ



Алматыда
125 бала «Адай»,
«Балбырауын»
күйлерін
бір мезетте
орындап,
ықыласқа бөленді

Домбыра – халқымыздың
жаны, барлық бітім-
болмысы, ғасырлар бойы ел-
мен бірге жасасып келе жатқан
киелі мұрасы.



Нұржамал
Әліш



Оның күмбірлеген қоңыр үні – ел бірлігінің, рухани сабақтастықтың нышаны.

ны. Бүгінгі ұрпақтың ата-баба мұрасын бағалап, домбыра үнін әуелете көтеріп келе жатқаны – қуанарлық жайт.

Алматы қаласының Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығында Алатау, Наурызбай және Әуезов аудандарынан

жиналған 125 оқушы «Балбырауын», «Адай» күйлерін бір мезетте орындап, көпшіліктің ықыласына бөленді.

Өнерді сүйетін жеткіншектерге белгілі өнер жұлдыздары – дәулескер күйші, ҚР мәдениет қайраткері Мұрат Әбуғазы мен

мәдениет саласының үздігі, күйші Нұрлан Түменбай жетекшілік етті.

Ал дәстүрлі әнші, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Жанпейісова өзінің «Аманат» мектебінде дәріс алып жүрген 16 шәкіртімен «Домбыра» әнін бірге әуелетті.

ЖАҢА КОНТЕНТ УАҚЫТЫ КЕЛДІ

Енді Қазақстанда микродрама қанат жаяды

Алматыда Salem Entertainment ұйымдастырған Future Content Day іс-шарасы жаңа буын медиасының бағыты мен болашағына арналған мазмұнды диалог алаңына айналды. Іс-шара аясында жаңа жобалар таныстырылып, креатив индустрия өкілдері пікір алмасты.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Игорь ЦАЙ, Salem Entertainment бас директоры:

МҮЛДЕ ЖАҢА БАҒЫТ

Микродрама – бұл әлем бойынша, әсіресе, Америка мен Азия елдерінде, соның ішінде Қытай мен Оңтүстік Кореяда кеңінен танымал болып келе жатқан мүлде жаңа бағыт. Бұл формат біздің өмір сүру салтымызға, телефонды қалай пайдаланатынымызға байланысты пайда болды. Қазіргі таңда адамдар телефонды көбірек тік форматта қарайды. Сол себепті, вертикалды форматқа бейімделген, қысқа, бірақ мазмұнды контент қажет болды. Осылайша микродрамалар дүниеге келді. Тек Қытайдың өзінде микродрама нарығы бүгінде 7 миллиард долларды құрайды.

Ал классикалық киноиндустрия, яғни кинотеатрларға арналған үлкен кино нарығы – 8 миллиард доллар көлемінде. Бірақ соған қарамастан, үлкен кино нарығында құлдырау байқалса, микродрама саласында – керісінше, тұрақты өсім бар. Сарапшылардың болжауынша, 2027 жылға қарай Қытайда бұл нарықтың көлемі 13-14 миллиард долларға жетуі мүмкін. Біздің өңірге, яғни Орталық Азия мен Қазақстанға бұл формат енді ғана келіп жатыр. Біз оның үлкен коммерциялық әлеуеті бар деп есептейміз. Әрине, әзірге бұл саланы меңгерген мамандар көп емес, бірақ сұраныс ұсынысты тудырады. Уақыт өте келе бізде де білікті мамандар қалыптасады деп сенемін. Себебі, бұл форматтың ерекшелігі – кез келген адам продюсер, актер немесе режиссер ретінде бағын сынап көре алады. Біздің мақсатымыз – сол адамдарға қажетті білім мен құралдарды беру. Salem Entertainment ретінде біз бүгін осы бағытта ресми түрде жұмыс бастайтынымызды жарияладық. Яғни біз микродрама өндірумен айналысатын алғашқы компаниялардың бірі боламыз. Тіпті, ТМД мен Орталық Азия кеңістігінде мұндай жобаны ауқымды түрде алғаш болып жолға қойып отырған да біз. Бүгінде алғашқы кезеңге 20 адам қабылданды. Олар – Salem жобаларының базасында оқып жатқан болашақ мамандар. Бұл бағытқа біз бір күнде келген жоқпыз. Жарты жыл бұрын осы саламен кәсіби түрде айналысуды мақсат етіп, арнайы Salem Camp жобасын бастадық. Қазір бізде актерлерге арналған Artis мектебі, контент өндірісін үйрететін Digital Workshop, сондай-ақ сценарий жазу мен шоураннерлік бағытты қамтитын жобалар бар. Болашақта жылына 365 микродрама – яғни күн сайын бір жаңа жоба шығаратындай қарқынмен жұмыс істеуді көздеп отырмыз.

Алтынбек ҚЫРЫҚБАЕВ,
Salem Entertainment креативті
продюсері, сценарист:

АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Бүгінгі іс-шараның негізгі мақсаты – медиа саласындағы жаңа бағытты, яғни микродрама жанрын көпшілікке таныстыру. Бұл жанрдың ең басты ерекшелігі – вертикалды форматта, яғни смартфон арқылы тұтынылатын қысқа видеолар түрінде түсіріледі. Бұл – қазіргі заман көрерменінің сұранысына толықтай сай келетін контент түрі.

Қазақстанда бұл бағыт енді бастау алып жатыр. Сондықтан біз үшін бүгінгі жиын – маңызды кезеңнің алғашқы қадамы. Себебі, әлемде үлкен танымалдыққа ие болған микродрама форматы біздің елде де кеңінен таралады деп сенеміз. Қазіргі жастар өмірінің басым бөлігін смартфонмен өткізеді. Олар киноны да, сериалды да телефон арқылы көреді. Осы орайда микродрама – қысқа, бірақ мазмұнды және әсерлі контент ұсынатын жаңа мүмкіндік.



● МЕРЕЙ

БАТЫРЛАРДЫҢ БАПКЕРІ

Қазақ күресінің қара нары Ерғали Мұхитдинов туралы толғаныс

Әлемдік спорт – Олимпиадалық, Олимпиадалық емес және Ұлттық спорт түрлері болып бөлінеді. Алайда, дзюдо сияқты ұлттықтан олимпиадалық деңгейге жетіп, әлем мойындаған спорт түрлері де бар. Қазақ халқының ұлттық спорт түрлері Тәуелсіздік алған соң ғана ресми тіркеліп, халықаралық дәрежеге ие болды. Солардың бірі – бұған дейін самбо күресінің бір саласы болып, кейін бөлініп шыққан Қазақ күресі. Қазақ күресі бүгінде өз бағдарламасы, оқулықтары, федерациясы бар ел таныған спорт түрі.

 **Нұрлан СҮЙІН**

Тарихы терең жекпе-жек

Қазақ күресі (Қазақша күрес) тарихы тереңнен тартылған шығыс жекпе-жек өнерінің бірі. Бұл күрес түрі сонау жаугершілік заманнан қалыптасқан, эпостық жырларда айтылады. Халықаралық деңгейде танылған балуандардың барлығы Балун Шолак, Қажымұқан Мұңайтпасовтар әуелі қазақша күрес шебері болған. Кеңес Одағы орнап, Қызыл Армияның қажетіне жараған САМБО күресі де сол Кеңес Одағындағы шығыс халықтарының күресінен құралған.

Жалпы, біздің ұлттық күресіміз Кеңес билігі орнағаннан кейін «Қазақша күрес» атауымен ресми тіркелген болатын. Тәуелсіздік келген соң атауы Қазақ күресі боп аталып, өз Қазақ күресі федерациясы құрылды. 2004 жылы Германияның Берлин қаласында өткен Қазақтардың Бүкіләлемдік құрылтайында Халықаралық Қазақ күрес федерациясы құрылды. Ал 2005 жылы Ресейдің Алтай өлкесінде Қазақша күрестен 1-Азия чемпионаты өтті.

2005 жылы Қазақ күресінен ҚР Президентінің Кубогы үшін Халықаралық турнир өтіп, оған әлемнің 25 елінен 100-ден астам балуан қатысты. Бұл Қазақ күресінің халықаралық деңгейде мойындалуы болды. Бүгінде Азия, Әлем чемпионаттары, халықаралық турнирлер өткізілетін Қазақ күресінің алғашқы федерация президенті, профессор Ерғали Мұхитдинов болды.

Оңтүстіктің оғыланы

Оңтүстіктің қасиетті Отырар топырағында 1950 жылы дүниеге келген Ерғали бала кезінен ширақ, намысқой, кім болса да күресе кетуге бейім еді. Қатарларымен алысып-жұлысып өскен Ерғалидың мектепке барып, дене тәрбиесі деген сабаққа қатысуы алаңсыз балалықтан алыстап, тәртіпке төселуінің бастауы болатын.

Мектепте жүріп спорттың неше түрі болатынын, ол жүйелі түрде түрлі жаттығумен басталатынын білді, Өзі де бокс деген спорт түрімен айналысып, алғаш рет былғары қолғап киген сонда. Алғашқы бапкері Арыстан Сәрсенбаев Арыс қаласында бокстың қыр-сырын үйретіп, шәкіртін шыңдаған. Спортқа бейім бозбала қала, облыс деңгейіндегі нәтижелерге жеткен.

Әскерге алынғанда самбо спорты сиқырлап, боз кілемнен бір-ақ шыққан. Самбода да тәуір нәтижелер көрсетті. Тегінде бар балуан жігіт бір жылдың ішінде батальон чемпионы атанып, Қазақстан, Орта Азия чемпионаттарына қатысқан. Солай ұлттық күрестердің жиынтығы болған самбо күресінің шебері болды. Жап-жақсы балуан боп қалыптасқан Ерғали Мұхитдинов әскерден оралғасын Қазақ күресіне бет бұрған. Ондағы мақсат – ұлттық күрестен нәтижеге жетіп, сол арқылы қазақша күресті самбо сияқты насихаттап, дәрежесін көтеру. Бұл күресте де тәуір нәтижелер көрсетті. Ерғали балуан Қазақстанның, Орта Азияның чемпионы атанды. Қазақ ССР Спорт шебері болды.

Өмірін Қазақ күресіне арнаған

Сол кездері, 1978 жылы Қазақ Дене шынықтыру институтын үздік бітірді.

Болашағын да осы Қазақ күресімен байланыстырды. Осынау бір ұлттық спорт жойылып кетпес үшін бар күш-жігерін салды. Кеңес Одағы кезеңінде самбо күресінің қосағында болған қазақша күресті дербес спорт түрі қылып федерация құру мәселесі тұрды. Сол мақсатта Алматыда қалалық Қазақша күрес федерациясы құрылды. Бұл оңай шаруа емес еді, құжаттары бар, жарыстар ұйымдастыру дегендей.

Алматыда ЖОО студенттері арасында ай сайын жарыстар ұйымдастырылды. Бұл Қазақшы күрестің дербес спорт түрі боп қалыптасуына керек еді. 1981 жылы Семей қаласында Қазақша күрестен Республикалық турнир ұйымдастырылып, алғашқы рет Қазақ КСР-ның Қазақша күрес федерациясы құрылды.

Бұл Ерғали сияқты интузиастардың үлкен жеңісі еді. Енді ұлттық күресті халықаралық деңгейге шығару деген үлкен жұмыс күтіп тұрды. Ерғали Мұхитдинов бірауыздан федерацияның тұңғыш төрағасы болып сайланды. 1991 жылы Кеңес Одағы тарқап, дербес мемлекеттердің ұлттық спортқа мойын бұруға мүмкіншілігі қалмады. Сонда да мықты жігітер жиналып, ұлттық күрестің жойылып кетпеуіне барын салды. Керекуде бас қосып, Тәуелсіз елдің Қазақша күрес федерациясын қайта жасақтап, Ерғали Мұхитдиновты қайта сайлады.

Ерғали да ұлттық күрес үшін күш-жігерін аямады. Біраздан соң Е.Мұхитдинов федерация тізгінін сол кездегі ҚР Білім және ғылым министрі, самбодан қазақтан шыққан тұңғыш КСРО Спорт шебері Шайсұлтан Шаяхметов мырзаға берді. Ол кезде Ш.Шаяхметовтың Қазақша күресті халықаралық деңгейге шығаруға мүмкіндігі мол еді. Тәуелсіздіктің нығаюмен бірге Қазақ күресі де қанаты қатайып, Халықаралық, Бүкіләлемдік федерациялар құрылып жатты. Институт бітіріп, бар өмірін бапкерлікке, педагогикаға арнаған

Ерғали Мұхитдинов әлі де аттан түскен жоқ. Белді бір ұлттық университетте Дене шынықтыру кафедрасында жұмыс істейді. Әрине, әскердің генералы сияқты педагогиканың, оның ішінде дене шынықтырудың профессоры да әзірге тізгінін бермейтіні белгілі. Жарты ғасырға жуықтаған ұстаздықта кімді тәрбиелемеді десеңші. Ұстаздың алдынан бүгінгі әкімдер де, жұдырығы жуан жігіттер де, чемпиондар да шыққан. Себебі, Е.Мұхитдинов ұстаздық етті. Алматыдағы мықты оқу орындарының Дене тәрбиесі кафедраларын басқарды.

1984–1996 жылдары Алматы малдәрігерлік институтында Дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі болса, 1996–2005 жылдарда Қазақ ұлттық аграрлық университетінде кафедра меңгерушісі болды. 2005–2009 жылдарда Қазақ көлік және коммуникация академиясында, 2008-2009 жылдарда Қазақ Спорт және туризм академиясында кафедра меңгерушісі, одан кейін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінде кафедра басқарды.

Бүгін де Қазақ ұлттық қыздар педагогика университетінде еңбек етіп жүр. Осы жылдарда Ерғали Мұхитдинов ұстаздың алдын көргендердің қатарында әлемдік, халықаралық жарыстар жүлдегерлері, бүгінгі депутаттар, әкімдер, т.б. бар. «Солардың бәрін тек шын сөйлеуге, әділдікке, нәтижеге жетуге тәрбиеледім», – дейді ұстаз. Солай болып келе жатыр да. Қалай болғанда да, Ерғали ұстаз қазақ жігіттеріне қалыптасу шағында дұрыс тәрбие бергені рас. Сонысымен де сыйлы бүгінде ол. Мерейлі жасқа келіп жатқан мықты балуан, үлкен ұстаз.

Иә, педагогика ғылымының кандидаты, профессор, «Қазақша күрес» оқу-әдістемелік құралының авторы, балуан, мықты бапкер, Қазақ күресінен Спорт шебері, Қазақ күресі федерациясының тұңғыш президенті Ерғали аға Мұхитдинов осындай жан. Мерейіңіз үстем болсын, батырлардың бапкері.



«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ»

«Ақшамның» бүгінгі кейіпкері Нұрғали Мұсырманқұлов – электр саласында табысты еңбек етіп жүрген заманауи кәсіп иесі. Ол жастарға бағыт-бағдар беріп, техникалық мамандықтар бойынша білікті кадрларды даярлауға үлес қосып жүрген азамат. Қазақ жастары техникалық кәсіпке икемсіз деген стереотипке қарсы тұрып, бұл саланың болашағын ісімен дәлелдеп келе жатқан жас кәсіпкер. Біз Нұрғали Пулатұлымен Жұмысшы мамандықтар жылы аясында колледждерді аралау кезінде таныстық. Сол кездесуде ол жастарды оқытудағы тәжірибесі мен әлеуметтік жобалары туралы ойларын айтып, сұхбаттасуға келісімін берген еді. Кәсіби бағыттағы табыс пен қоғамдық құндылықтардың үйлесімін көрсететін, жастарға мотивация беретін әңгіме төмендегідей өрбіді...

Нұрғали МҰСЫРМАНҚҰЛОВ:

ҚОҒАМҒА ҚАЙТАРЫМСЫЗ ЕҢБЕК ЕТУ – басты қағидаларымыздың бірі

ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ ДА КӘСІБИ
ЭЛЕКТРИК БОЛА АЛАДЫ

– Нұрғали, әлеуметтік желідегі парақшаңызда «қазақтардан электрик шықпайды» деген көзқарасты бұзамын депсіз. Мұндай пікір қоғамда қалай пайда болды деп ойлайсыз?

– Өкінішке қарай, мұндай көзқарас бұрыннан бар. Техникалық мамандықтарды құдды бір өзге ұлт өкілдерінің еншісіндей көретіндер аразында әлі де аз емес. Ал менің мақсатым – осы стереотипті жоққа шығару. Әлеуметтегі парақшамда қазақ жастарының да нағыз маман, кәсіби электрик бола алатынын көрсетіп келемін. Өзімнің де, шәкірттерімнің де жетістігін үлгі етіп, бұл салада абыроймен еңбек етуге болатынын дәлелдеп жүрмін.

– Бұл салаға бет бұруыңызға не себеп болды? Электр саласы сізді несімен баурады?

– Бала кезімнен техникалық дүниелерге деген қызығушылығым ерекше болды. Айналадағы заттардың қалай жұмыс істейтінін білгім келіп, үнемі зерттеп, қолмен жасап көруге ұмтылатынмын. Токтың қалай жүргізілетінін, жарықтың қалай жанатынын түсінгім келетін. Сол қызығушылық біртіндеп әуестікке, кейін нақты мамандыққа ұласты. Мектеп бітірген соң да осы бағыттан айнамадым. Қолыма құрал алып, түрлі нысандарда жұмыс істеп жүріп, тәжірибе жинадым. Уақыт өте келе өз ісімді бастауға деген сенім пайда болды. Осылайша 2021 жылы JarJARYQ компаниясының негізін қаладық. Бастапқыда қарапайым электромонтаж жұмыстарынан бастадық – пәтерлер мен үйлердің жарығын жүргіздік, қалқандар орнаттық. Қазір бұл жұмыс менің кәсібім ғана емес, бала арманының өмірдегі жалғасына айналды. Өз ісіңмен шұғылданып, елге пайдалы болудан асқан бақыт жоқ деп ойлаймын.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ
ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ЖАЙЛЫЛЫҒЫ
ҮШІН ЖАУАПТЫМЫЗ

– Қазір компанияңыз нақты қандай қызметтер көрсетеді? Халық көбіне қандай жағдайда жүгінеді?

– Біздің негізгі жұмыс бағытымыз – пәтерлер мен жекеменшік үйлерге электр монтажын жүргізу, электр қалқандарын



орнату және сапалы құрал-жабдықтарды сату. Жалпы, қазіргі Алматыда жаңа тұрғын үйлердің қарқынды салынып жатқаны белгілі. Көп жағдайда бұл үйлер черновой күйде, яғни ішкі әрлеусіз, инженерлік желілері толық тартылмаған күйде тапсырылады. Осындай сәтте тұрғындар өз үйіне немесе кеңсесіне толық электр жүйесін жүргізу қажет болғанда бізге жүгінеді. Сонымен қатар, ток жүйесінде ақау туындаса немесе бұрынғы сымдарды жаңарту қажет болса да, біздің қызметке сұраныс артады. Яғни біз тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығы үшін жауаптымыз.

– Тұрғындар көбіне қандай қиындыққа тап болып жатады? Электрге

қатысты ең жиі кездесетін қателіктер қандай?

– Ең басты мәселе – ескі сымдарды әлі күнге дейін қолданатындар көп. Техникалық талаптар сақталмайды. Тағы бір үлкен қателік – «арзан электрик» іздеу. Сапасыз жұмыс істеген соң, қысқа тұйықталу болып, құралдар істен шығып, тіпті өртке дейін барады.

– Осы салада кәсіби мамандарды дайындау бағытында белсендісіз. Электрик болғысы келетін жастарға қандай мүмкіндік бар? Қайдан, қалай үйрене алады?

– Қазір Қазақстанда электр монтажын жүргізуге арнайы бағытталған оқу орны

жоқтың қасы. Сондықтан біз колледжбен бірлесіп, арнайы оқу кабинетін аштық. Студенттер теорияны визуалды түрде көріп, тәжірибе ала алады. Сонымен қатар, JarJARYQ.academy атты 1 айлық онлайн курсты іске қосқанбыз. Ол теория, есеп, практика және нақты құрылыс нысанындағы тәжірибеден тұрады. Мұнда жастар заманауи құралдармен жұмыс істеуді, қауіпсіздік ережелерін сақтауды үйренеді. Бұл курсты бітірген соң, олар бірден жұмысқа орналасуға немесе өз кәсібін бастауға дайын болады. Қазіргі таңда біздің 100-ге жуық шәкіртіміз бар.

– Осындай үлкен команданы қалай жинадыңыз? Қазір сіздерде қанша адам жұмыс істейді? Жастардың үлесі қандай?

– Қазір командада 25-тен астам адам бар. Олардың ішінде монтажшылар, дүкен қызметкерлері, менеджерлер, оқытушылар, логистикамен айналысатын мамандар жұмыс істейді. 70%-ы – жастар. Көпшілігі – менің өз шәкірттерім. Ісін сүйетін, табысқа ұмтылатын азаматтар

ӨЗ ІСІНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН
ҚАРАЙТЫН АДАМ ҚАШАН ДА
ТАБЫСҚА ЖЕТЕДІ

– Қоғамға пайдалы істерге де жиі араласып жүргендеріңізді білеміз. Қандай жобаларды ерекше атап өтесіз?

– Қоғамға қайтарымсыз еңбек ету – біздің басты қағидаларымыздың бірі. Мектептер мен колледждерге тегін монтаж жасап беретін кездеріміз болады. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға да қолұшын созамыз. Биыл алғаш рет JarJARYQ FEST ұйымдастырып, еліміздің әр түкпірінен келген электриктерге қолдау көрсеттік. Бұл салада жұмыс істейтіндерге демеу болған ерекше жоба болды.

– Электрик мамандығы – адамның қауіпсіздігіне тікелей байланысты сала. Осы кәсіпке қызығатын жастарға не айтасыз? Бұл болашақтың мамандығы дей аламыз ба?

– Әрине. Электрикті көбі үзілген сымды жалғайтын маман деп қабылдайтындар бар. Ал шын мәнінде, бұл – технологиямен, қауіпсіздікпен, ұқыптылықпен қатар жүретін кәсіп. Қазіргі таңда құрылыс та, өнеркәсіп те, ауыл шаруашылығы да электрге тәуелді. Сондықтан электрик мамандығы ешқашан өзектілігін жоғалтпайды. Өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын адам қашан да табысқа жетеді. Сондықтан менің жастарға айтарым, ең бастысы – адал болу. Қандай іспен айналыссаң да, жүрекпен істе. Өйткені, еңбек пен тәртіп – табыстың кепілі. Уақытты бос өткізбей, үнемі үйренуге ұмтылу керек.

ҚОЛДАУ ТЕТІКТЕРІ, НАҚТЫ
БАҒДАРЛАМА БОЛСА,
ЖАСТАР ДА ӨЗ ОРНЫН ТАБАДЫ

– Қоғамда сізді толғандыратын мәселе қандай?

– Жастарда арман бар, бірақ нақты бағыт жоқ. Көпшілігі кім болғысы келетінін білмейді. Соларға дұрыс жол сілтеп, бағыт беретін жүйе қажет. Қолдау тетіктері, нақты бағдарлама болса, олар да өз орнын табады.

– Қолыңыз қалт еткенде немен айналысасыз? Бос уақытты қалай өткізесіз?

– Бос уақытым көп емес. Бірақ мүмкіндік болса, отбасыммен бірге болуға тырысамын. Қыздарымның күлкісі – маған нағыз демалыс. Кейде жаңа идеяларды ойластырып, кәсібіме байланысты жоспарлар құрамын.

– Әңгімеміздің соңын талбесік тақырыбымен түйіндесек, Алматы сіз үшін қандай қала?

– Алматы – мен үшін үлкен өмір жолындағы мүмкіндіктер мен шығармашылық шабыттар қаласы. Мұнда әр адам талпынса, өз орнын таба алады. Қалада бәсеке жоғары, бұл үнемі ізденуге, дамуға итермелейді. Қай салада болмасын өсуге жол ашық. Табиғаты ерекше – көк тіреген тауы, таза ауасы, самал желі адамның ойына сергектік, бойына күш береді.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Әңгімелескен
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАРСАҢЫНДА

Дархан САТЫБАЛДЫ:

Алматы әкімдігінде шаһар басшысы Дархан Сатыбалдының төрағалығымен қаланың білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындығы жөнінде жұмыс кеңесі өтті.

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы

Жиынға қаланың жауапты басқармалары мен аудан әкімдері қатысты. Басқосуда қала басшысы мектептер мен балабақшаларды уақытылы әрі сапалы дайындау қазіргі таңдағы ең басты міндет екенін қадап айтты. Кеңесте қалалық білім басқармасының басшысы Сайран Сайфеденовтің баяндамасы тыңдалды. Басқарма басшысының айтуынша, Алматыдағы 1696 білім беру ұйымының 1050-і – балабақша, 348-і – мектеп, ал ондағы балалар саны 565 мыңнан асып отырған көрінеді.

Дәл қазір қала көлемінде «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 34,2 мың оқушыға арналған 20 жаңа мектептің құрылысы жүріп жатыр. Осы мектептердің 8-і жаңа оқу жылында, яғни 1 қыркүйекте ашылуға тиіс. Сонымен қатар, алты мектептің құрылысы тамыз айында аяқталуға тиіс. Бұған қоса, жергілікті бюджет есебінен тағы да 550 орынды бір мектеп салынып жатыр. Сондай-ақ, 15 мектепке күрделі жөндеу жүргізіліп жатса, 6 мектеп сейсмоқұшейту арқылы қайта жаңартылып, 4 мектепте қосымша ғимарат тұрғызылып жатыр. Қала мектептерінде 1 және 11-сыныптарға қабылдау жоспарлы түрде жүріп жатыр. Биыл жаңа оқу жылында 26 099 бүлдіршін алғаш рет мектеп табалдырығын аттаса, қазіргі таңда олардың 18 мыңнан астамы мектепке тіркеліп те үлгерді. Биыл 9-сыныпты аяқтаған 17 840 түлек мектептегі оқуын әрі қарай жалғастырмақшы.

Оқу орындарындағы қауіпсіздік – ерекше бақылауда

Жиын барысында қала мектептеріндегі қауіпсіздік мәселесі де назардан тыс қалмады. Мәселен, қала мектептерінде 21 мыңнан аса бейнебақылау камерасы, дабыл түймелері, кіруді бақылау жүйелері және өрт дабыл-

ӘРБІР НЫСАН

уақытылы әрі сапалы түрде тапсырылуы керек



дары орнатылған. Қосымша түрде маман даярлау, колледждерді цифрландыру және жаңғырту мәселесі қаралды. Бұл тұрғыда біліктілікті арттыру бағдарламасы аясында ағымдағы жылы 5 мыңнан астам педагог оқытудан өтті. Олардың 400-ден астамы шетелде білім алған.

Аталмыш тағылымдамалар нәтижесінде 117 жаңа білім беру бағдарламасы мен жобасы енгізілді. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 85 мыңнан астам студент оқиды, олардың жартысынан астамы мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алып жатыр. Колледждерді жаңғырту аясында жаңа корпустардың құрылысы,

күрделі жөндеу және зертханаларды жабдықтау көзделіп отыр. Жиын соңында шаһар басшысы Білім басқармасы басшысына барлық жұмысқа бақылауды күшейтуді және белгіленген кестенің қатаң сақталуын тапсырды.

«Әрбір нысан, мейлі ол жаңадан салынған мектеп болмаса жөндеуден өткен ғимарат болса да, уақытылы әрі сапалы түрде тапсырылуы керек. Сондай-ақ, сылтау мен жұмысты кешіктіруге жол берілмеуі керек. Біздің басты міндетіміз – оқушылар мен мұғалімдер үшін жаңа оқу жылын лайықты деңгейде ұйымдастыру», – деді Дархан Сатыбалды.

ДАРЫНДЫЛАР МЕКЕНІ

FIZMAT ТӘЖІРИБЕСІ

ұлттық білім жүйесіне үлгі бола ала ма?

Бүгінде еліміздің білім беру кеңістігінде жаңашылдық пен сапалы оқытудың символына айналған Республикалық физика-математика мектебі (РФММ) – отандық зияткерлік әлеуеттің алтын бесігі. Бұл білім ордасы тек жоғары нәтиже көрсететін олимпиада жеңімпаздарының ғана емес, ғылым мен технологияның болашағын айқындайтын жаңа буын өкілдерінің ордасына айналды. Дарынды оқушыларға арналған мектеп туралы айтқанда, «балам осы мектепке түссе» деген әр ата-ананың арманы да еске түседі. Жарты ғасырдан астам тарихы бар РФММ бүгінде білім жүйесінің цифрлық трансформациясының көшін бастап келеді. Осы ретте серпінді жаңғырудың қадау-қадау бағыттарын бізге «Республикалық физика-математика мектебі» КеАҚ Басқарма төрағасы Руслан ҚАЛИЕВ айтып берді.

Білім мен технология тоғысқан орда

Қазіргі заманның ең өзекті трендтерінің бірі – цифрландыру. Бұл үрдістен РФММ де қалыс қалмай, жаңа технологияларды батыл ендіріп келеді. 2025 жылдың басты жаңалығы – РФММ-нің Apple компаниясымен серіктес атануы болды. Аталған мектеп – Орта Азияда Apple Authorized Training Center for Education (AATCE) сертификатын иеленген алғашқы білім беру мекемесі. Бұрын бұл мәртебеге тек жоғары оқу орындары ғана қол жеткізетін. Енді РФММ оқушылары әлемдік IT саласының негіздерін мектеп қабырғасында үйреніп, Swift және Swift Playgrounds бағдарламалары арқылы өз қосымшаларын жасай бастады. Бұл – оқушылардың ақпараттық технологияға деген қызығушылығын арттырып, болашақ мамандықты ерте таңдауға ықпал ететін маңызды қадам. 10-11-сынып оқушылары үшін 2018 жылдан бері Advanced Placement (AP) халықаралық бағдарламасы енгізілген.

АҚШ-тың жетекші университеттерімен интеграцияланған бұл бағдарлама оқушыларға жоғары оқу орны деңгейіндегі пәндерді меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, РФММ Яндекс компаниясымен 2017 жылдан бері тығыз әріптестікте жұмыс істеп келеді. Python тілін үйрететін «Яндекс лицейі» (қазіргі атауы – Яндекс бағдарламалау мектебі) арқылы жүздеген оқушы бағдарламалау негіздерін меңгеріп, IT-индустрияға бағыт алады. Айта кетейік, Яндекс негізін қалаушылардың бірі Аркадий Волож бен Илья Сегалович те – осы мектептің түлектері.

Болашақ көшбасшылар ұстаханасы

Мектеп оқу үдерісін толықтай автоматтандырылған цифрлық жүйелер арқылы жүргізіп отыр. Біртұтас платформа және оқу үдерісінің автоматтандырылуы РФММ цифрлық оқыту жүйесін бір арнаға тоғыстыра отырып, Google Workspace for Education, EduPage, Peardesk, Bitpaper, Idroo, Classtime,

GeoGebra, Paint сияқты заманауи платформаларды белсенді пайдаланады.

Мектептің барлық филиалында корпоративтік электронды пошта мен Google Classroom жүйесі арқылы сабақ ұйымдастырылады. Бұл – мұғалімдер мен оқушылар үшін сабақ материалдарын бір платформада жүйелеуге, кері байланысты жедел орнатуға, оқушы үлгерімін нақты бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, EduPage платформасы арқылы сабақ кестесі, электрондық журнал, қатысу көрсеткіші және ата-анамен кері байланыс бір орталықтан басқарылады.

Қазақ баласының зияткерлік қуатын әлемге танытқан мектеп

Fizmat media цифрлық ресурсы аясында РФММ командасы Fizmat Onboard атты тегін LMS платформасын әзірлеуді қолға алған. Бұл бастама шалғай ауылдағы оқушыға да РФММ деңгейіндегі білім алуға жол ашуы мүмкін. Демек, білімнің географиясы кеңейіп, өңірлік теңсіздік біртіндеп жойылады деген үміт бар. Заманауи технологияны толыққанды енгізу үшін мұғалімдердің цифрлық сауаттылығы басты назарда.

РФММ мұғалімдері үшін тұрақты түрде тренингтер, вебинарлар ұйымдастырылады. Қашықтан оқыту кезеңінде Bitpaper және Idroo тақталары, Zoom мен Google Meet платформаларының мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылды. Мұның өзі – мұғалімдерге жаңа құралдарды игеруге, ал оқушыларға оқу үдерісіне икемделуге мүмкіндік берді.

Мемлекеттік мектептерге үлгі

Бүгінгі таңда әлемдік үздік мектептер (мысалы, Exeter, Andover) қаржылық тұрақтылықты жеке қорлар арқылы қамтамасыз етсе, РФММ бұл бағытты 2017 жылдан бастап қолға алған. «Fizmat Endowment» қоры мектептің түрлі жобаларына қолдау көрсетіп, олимпиада шығындарын өтеу, материалдық-техникалық базаны жаңарту, мұғалімдер мен оқушылардың кәсіби дамуына жағдай жасау бағытында жұмыс істейді. Сонымен қатар, жекеменшік сектор университеттер, халықаралық ұйымдармен серіктестік аясында білім беру экожүйесі үнемі кеңейіп келеді.

«Республикалық физика-математика мектебі» КеАҚ Басқарма төрағасы Руслан Қалиевтың айтуынша, қарапайым мектеп пен зияткерлік мектеп оқушыларының айырмашылығы – білім сапасында емес, мүмкіндік кеңістігінде. Бұл теңсіздікті жою үшін РФММ ауыл мектептерімен ынтымақтастық меморандум жасап, өз мұғалімдерін тәжірибе бөлісуге жібереді. Сонымен қатар, РФММ ата-аналар қауымдастығымен де тығыз байланыс орнатқан. Бірлескен мерекелер, мәдени апталықтар, ата-аналардың қатысуымен өтетін іс-шаралар мектептің тәрбиелік әлеуетін де күшейтуде.

РФММ – бұл тек дарынды балалар мектебі ғана емес, болашақтың инженерлерін, зерттеушілерін, көшбасшыларын дайындайтын ұлттық бренд. Мектептің цифрлық трансформациясы, халықаралық серіктестіктері, педагогикалық инновациялары – Қазақстанның білім беру жүйесіне жаңа қарқын қосуда. Бұл тәжірибе өзгелер үшін де үлгі, ал мектептің өз ұстанымы – білім мен тәрбиені қатар дамыту.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

Алматының №4 қалалық клиникалық ауруханасының дәрігерлері 64 жастағы пациентке тізе буынына толық ревизиялық эндопротездеу отасын сәтті жасап шықты. Бұл жағдайдың ерекшелігі – науқасқа жүрек қызметін қолдайтын құрылғы орнатылған, яғни ол жасанды жүрекпен өмір сүріп жүр.

Анатолий иығына ілген қара шағын сөмкесін көрсетіп, онда жасанды жүректің батареялары сақталатынын айтты. Сөмкеден шыққан электр сымы киімінің астымен жүрек тұсына кетеді – дәл сол жерде жүрек жұмысын реттейтін құрылғы орналасқан.

«Міне, осындай жүйелік контроллер орнатылған, ол жүректен дерек жинайды. Жүрек тұсында (көрсетіп) кішкентай компьютер тұр, сол контроллерге ақпарат жібереді. Бір келі батареяны үнемі өзіммен бірге алып жүремін. Үш жылдан асты – бастысы, тірімін!», – дейді Анатолий Кузнецов.

Оған 20 жылдан астам уақыт бұрын жүректің ишемиялық ауруы диагнозы қойылған. Инфаркке байланысты бірнеше күрделі отадан өтті. 2022 жылы елордалық кардиохирургтер оған аорталық қақпақшаның биологиялық протезін және сол жақ қарыншаны қолдайтын имплант орнатып берді. Мұндай құрылғымен өмір сүретін адамға күн сайын жаяу жүру ауадай қажет. Алайда, Анатолийдің оң жақ тізесі қатты ауыратын.

«Жүрегі ауыр науқас ретінде күн сайын кемі 4 шақырым жаяу жүруім керек. Қозғалыссыз қалсам, жағдайым нашарлай береді. Тізіме ота жасай алатын дәрігер іздедім. Түрлі консилиум өтті, бірақ бәрі бас тартып жатты. Бір жылдан астам уақыт тек отаға алатын дәрігерді іздеумен өтті. Содан Алматының №4 қалалық ауруханаға келіп, Манарбек Ғазизұлына



жолықтым. Ол ота жасауға келісім берді. Реаниматологпен бірге мені қарап жүрген елордалық кардиологтармен бірлесе әрекет етті. Маусымның 19-ында ота жасалды. Бұл өте күрделі отаның бірі болды, өйткені мен үнемі қанның ұюын болдырмайтын дәрі-дәрмек ішемін – ол мотордың жұмысы үшін қажет. Дәрігерлер қан кету қаупінен қорықты. Бірақ бәрі сәтті өтті: көп қан жоғалтпадым, жағдайым жақсы. Отадан бері он күнге жуық уақыт өтті, жүре бастадым. Толық сауығу үшін әлі де уақыт керек. Ұзақ уақыт төсекте жатқаннан кейін ақыры өз бетіммен қозғала бастадым. Дәрігерлерге рахмет! №4 аурухананың бүкіл ұжымына алғысым шексіз. Мұндағы мамандар – нағыз алтын қолды адамдар», – деп ризашылығын білдірді Анатолий Кузнецов.

Науқас №4 қалалық клиникалық ауруханаға тізе буынына бұрын орнатылған эндопротез компоненттерінің ауыруы мен тұрақсыздығына байланысты жүгінген. Аурухана мамандары бұл жолы да күрделі жағдайды еңсеріп шықты.

Хирургиялық отаны травматология-ортопедия бөлімшесінің меңгерушісі, жоғары санатты ортопед-дәрігер М.Аубакиров жасаса, анестезиологиялық сүйемелдеуді АРҚТБ меңгерушісі, жоғары санатты дәрігер Ж. Дәулетбеков қамтамасыз етті. Емдеуші дәрігер ортопед-травматолог Ж.Орозхан болды. Бұл жағдай – аса жоғары хирургиялық қауіпке қарамастан алматылық мамандар командасының үйлесімді жұмысының айқын үлгісі.

АЛМАТЫ ДӘРІГЕРЛЕРІ

жасанды жүрекпен өмір сүріп жүрген науқастың тізе буынын эндопротездеу отасын сәтті жасап шықты



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Манарбек ӘУБӘКІРОВ,
№4 қалалық клиникалық ауруханасы
эндопротездеу бөлімшесінің меңгерушісі:

Пациент бақылауда болады

Басты қиындық – науқастың қатар жүретін ауыр патологиялары болды: MyVal аорталық қақпақша биопротезі, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі, артериялық гипертензия, бауыр мен бүйрек қызметінің бұзылыстары және басқа да бірқатар күрделі аурулар. Ота алдында толық клиникалық және зертханалық тексеру, мультидисциплинарлық дайындық жүргізілді. Нәтижесінде ота сәтті өтті. Ерте оңалту кезеңінде пациент тәулік бойы АРҚТБ-де бақылауда болды. Келесі күні-ақ белсенді оңалту басталды. Бүгін ол ауруханадан үйге шықты, жағдайы жақсы, күн сайын өзін жақсы сезіне бастағанын айтады.

СӘТТІ ОТА

ШЕГІНЕ ТАС БАЙЛАНҒАН науқас аман қалды

Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасына 71 жастағы әйел ауыр жағдайда жеткізілді. Науқас ішінің жоғарғы бөлігінің шыдатпай ауыратынын, жүрегі айнып, құса беретінін, үлкен, кіші дәретінің жүрмей қалғанын, көздің ағының сарғайғанын айтқан.

Науқаста 2012 жылдан бері өт қабына тас байлану ауруы бар, бірақ осы күнге дейін ешқандай ұстама болмаған. Соңғы екі күн жағдайы күрт нашарлаған.

Хирург Нұрхат Есенбековтың тексеруінен кейін науқасқа ірі өт тасының холецистодуоденалды жыланкөз арқылы таралуы кесірінен пайда болған «жіті аш ішек өтімсіздігі» диагнозы қойылды. Науқастың жағдайын ескере отырып, шұғыл ота жасау туралы шешім қабылданды.

Ота барысында ішектің ішінде өлшемі 5,5х4,5 см болатын ірі өт тасы анықталды. Дәл осы тас ішектің бітелуіне себеп болған. Сонымен қатар, өт қабы мен ұлтабар арасында пайда болған жыланкөз табылды. Бұл – өтқас ауруының өте сирек әрі ауыр асқынуы. Ота 1,5 сағатқа созылып, сәтті аяқталды. Тас алынып, ішек сақталып қалды.

«Науқаста өттас ауруының өте сирек, өмірге қауіп төндіретін түрі – өт тасы ішекке түсіп, оны бітеп тастаған. Ұзаққа созылған қабыну салдарынан өт қабы мен ішек арасында тесік пайда болып, сол арқылы ірі тас ішекке түсіп кеткен. Мұндайда тек жедел ота ғана адам өмірін сақтап қала алады. Біз тасты алып тастап, ішектің өткізгіштігін қалпына



келтірдік», – деп түсіндірді ота жасау бөлімінің меңгерушісі, жоғары санатты хирург Нұрхат Есенбеков.

Отадан кейін науқас емдеуші дәрігер Меруерт Булантаеваның бақылауында ем қабылдап, физиотерапевт-реабилитологтың қатысуымен оңалту курсынан өтті. Қазір науқастың жағдайы тұрақты, үйіне шығуға дайындалып жатыр.

Жалпы, өт тасы ішекке түсіп, оны бітеп тастауы – бұл көбіне жылдар бойы жүріп, асқынған өттас ауруы кезінде пайда болады. Ішек бітелген кезде адамда іштің қатты ауыруы, жүрек айну, құсу, үлкен дәрет пен газдың жүрмеуі байқалады. Егер дер кезінде көмек көрсетілмесе, ішек тесіліп, адам өліп кетуі мүмкін.

Есте сақтаңыз! Ішіңіз ауырып, жүрек айну, құсу, сарғаю сияқты белгілер пайда болса, дереу дәрігерге қаралуға асығыңыз. Уақытылы көрсетілген медициналық көмек – өмір мен өлім арасындағы шешуші фактор.

БІЛГЕНІҢІЗ ЖӨН!

Карцинома – тері мен ішкі ағзалардың беткі қабатын қаптайтын эпителий жасушаларынан дамиды терлі ісік. Бұл қатерлі обырдың ең жиі кездесетін түрі. Карциномаға өкпе, асқазан, ішек, сүт безі, тері және жатыр мойны обыры жатады. Бұл туралы №36 қалалық емхана онкологы Зарина ТОЙЛЫБАЕВА толығырақ айтып берді.



АТЫ ҚИЫН, ӨЗІ ҚАУІПТІ!

Карциномадан қалай сақтанамыз?

Карциноманың пайда болуына түрлі фактор әсерінен жасушаларда мутация жүруі себеп болады. Оларға канцерогендер (темекі, алкоголь, химиялық заттар), вирустық инфекциялар (әсіресе, адам папиллома вирусы), созылмалы қабыну процесі мен жарақат, сондай-ақ тұқым қуалайтын бейімділік жатады. Зақымдалған жасушалар бақылаусыз көбейіп, айналасындағы тінге өтіп, бүкіл ағзаға таралуы мүмкін ісікке айналады.

Карциноманың бірнеше түрі бар. Аденокарцинома безді эпителийден дамиды және сүт безі, қуықасты безі, асқазан қатерлі ісігінде кездеседі. Жалпақ жасушалы карцинома тері мен шырышты қабықты, соның ішінде жатыр мойнын зақымдайды. Базальды жасушалы карцинома – баяу өсетін түрлердің бірі, көбіне егде жастағы адамдарда анықталады. Өтпелі жасушалы карцинома несеп қабы мен несеп жолдарында кездеседі.

Ауру ерте кезеңде ешқандай белгі бермеуі мүмкін. Ісіктің өсуіне қарай тығыз түзіліс немесе жазылмайтын жара, патологиялық бөлінді, қан кету, ағза қызметінің бұзылуы, түсініксіз арықтау,

әлсіздік, тез шаршағыштық секілді белгілер байқала бастайды. Мұндай белгілердің кез келгені дәрігерге қаралуға себеп болуы тиіс.

Диагностикаға ультрадыбыстық зерттеу, компьютерлік және магниттік-резонанстық томография, эндоскопиялық зерттеулер (гастроскопия, бронхоскопия), онкомаркерлерге қан талдауы және диагнозды нақтылайтын негізгі әдіс – биопсия кіреді. Карциноманы емдеу оның сатысына және орналасуына байланысты. Ең жиі қолданылатын әдістер – хирургиялық ота, химиотерапия, сәулелік терапия, сонымен қатар заманауи тәсілдер – мақсатты (таргетті) және иммундық терапия. Ауру неғұрлым ерте анықталса, емнің сәтті болу мүмкіндігі соғұрлым жоғары.

Алдын алудың маңызы зор. Бұл – зиянды әдеттерден бас тарту, АПВ-ға қарсы екпе алу, тұрақты медициналық тексеруден өту, скринингті (ПАП-тест, маммография, колоноскопия) дер кезінде жасату және салауатты өмір салтын ұстану.

**Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.**



ОЙТҮРТКИ

ҰЛТТЫҢ НАМЫСЫ

Қазақтың қызына құда түсу – дипломатия ма, демография ма?

Қазақта «Ұл бұзылса – отбасы, қыз бұзылса – ұлт бұзылады» деген тәмсіл бар. Халқымыздың дүниетанымында «Ұлға отыз үйден, қызға қырық үйден тыйым» депті. Осының бәрі ұлттық болмыс, қазақи салт-дәстүр, ата-бабаның рухани жолының үзілмеуін сақтайтын алғышарттар.

Бірде жол түсіп Түркияға сапарладық. Анкарада белді қонақүйдің басшысымен таныстым. Бірден жақын араласып кеттік. Бас-аяғы бір аптаның ішінде оның саяжайына бардық. Қаладан 3-4 сағаттық жерде екен. Қара теңіздің суы сондай керемет. Табиғаты ерекше. Осман империясы тұсынан қалған Ақшақожа деген қала екен. Епті халық қой, оны да туристік орталыққа айналдырып жатыр. Өз-өзіме таңқалып жүрмін. Мүлдем танымайтын, білмейтін адамның үйінде қонақпын. Біздікіндей аста-төк дастархан жоқ. Кілең жеміс-жидек, көкөніс, етті аса тұтынбайды. Өзі не ішсе, соны жеп жүрмін.

Ол кезде бойдақ едім, маған түріктің қызын ал, қал деп әзіл-шыны аралас қолқалады. Бір түрік кемпірдің дәулетті әулетіне апарып, қызын да көрсетті. Ол адвокат боп істейді. Сол үйдің жалғыз ұлы Қазақстанның Ақтауында құрылыспен айналысатын белді кәсіпкер көрінеді. Сөйтіп, ол жерден қоштасып саяжайға оралдық. Әлгі түрік маған қазақ қыз тауып бер немесе қырғыз болса да болады демесі бар ма? Аң-таңмын. Елуден асқан еркек ажырасыпты, енді Қазақстаннан қыз іздеп жүр. Күнде қазақтың қыз-келіншектерімен видео хабарлама арқылы сөйлеседі. Кемінде 5-6 қызға Түркияға алып

келем деп уәде береді. Іштей қаламай тұрдым. Түбі бір туысқан дегеннің өзінде, өз ұлтымның қызын әлемге таратып бергім келмеді.

Стамбулдың әсемдігі, көз тартар сұлулығы бөлек әңгіме. Мұнда әлемнің түкпір-түкпірінен түрлі ұлттар жиналған. Елітер, ерітер қызылды-жасылды дүние көп. Қай мейрамхана, ойын-сауық отауы, әртүрлі көңіл көтеретін орындардың арасымен өтіп бара жатсаң, қазақтың қыз-келіншегі, бала жетектеген небір шырайлы әйелдерінен көз алып өте алмайсыз. Түрлері азиат, тілдері орыс. Ілуде бір қазақша сөйлеген адамды көресіз. Оларға түрлі еліктіруші тәсілмен шырын құйып, тамақ тасып, көңілін аулап музыка айтып тұрған жергілікті ер-азаматтар. Бір таңқалғаным Түркияда кез келген қызмет көрсету орындарында ерлер ас пісіріп, еден жуып, базарда сауда істеп, сервис көрсетіп тұрады. Жақында бір мақала оқып, жағамды ұстадым. Авторы – жас журналист қыз сараптама жасай келіп, қазақ жігіттері жалқау, енжар дегенге келтіріп, қазақ қызы сол үшін де жақсы тұрмыс үшін, өз-өзін дамыту үшін шетелге кетеді, шетел жігіттеріне тұрмысқа шығады деген сыңайда мақала жазыпты. Ау, сонда байлықты ойлап ұлтқа қиянат жасауға бола ма?

Бір жолы Өзбекстанға барып келдік. Ташкент, Самарқандта толған қазақтың қыздары, уыздай жас келіншектері, анасын ертіп алған нәзік жандылар көп. Кей-кейде болмаса, қазақ жігіттерін кездестіре бермейсіз. Өзбек палауы, өзбектің ескі тарихи шаһарлары алыстан менмұңдалап тұр. Жалпы, шығыс мұсылман халықтарының ерлері жұмыс істеп, отбасылық жауапкершілікті мойындарына алып, әйел-қыздарын көпшілікке жарқырап көрсетпейді екен. Оны бізге жергілікті халықтар айтты. Олардың түсінігінде әйел – үйдің шырақшысы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Смағұл ЕЛУБАЙ,
Қазақстанның халық жазушысы:

Заң шеңберінде реттеу керек

Іргедегі көршіден де үлгі-өнеге алатын кез болады. Соның бірегейі Түрікменстан. Егер түрікмен қыз сырт елге тұрмысқа шығатын болса, онда шетелдік күйеу бала мемлекетке 50 мың доллар қалыңмал төлеуі керек. Өйткені, ол қызды елі өсірді, оқытты-тоқытты, бағып-қақты. Сондай заң бізге де қажет боп тұр.

Шынымен де, қазіргі таңда қазақтың қызының шетелдікке тұрмысқа шығып кетуі ұлттық мәселе болып, проблемаға айналып барады. Ең қиыны, біз осы дертпен күресе алмай отырмыз. Керек десеңіз, оны мақұлдап, америкалық жігітке тұрмысқа шыққандар абырой боп жатыр, дәріптейтіндей төменге құлдырадық. Ал енді сол шетелге тұрмысқа шыққан қыздарымыздың баршасы бақыпты болып

жатыр ма? Әрине, жоқ. БАҚ мұнымен күресудің орнына құптап жазатын болды. Бұл – ұят іс!

Кешегі тоқырау жылдарында талай оқиғаны бастан кешірдік. Шекара ашық, ешкімге цензура жоқ заман болды. Сол кездері «менің қызым Францияға, Түркияға, Арабияға тұрмысқа шықты» деп мақтанатын болып алды. Кеудемсоқтық, мақтаныш сезімі арқылы ұлтты өзгенің табанының астына жығып бергендерін көбісі білді, біле тұра солай істеді. Бұл масқара жағдай ғой. Бұны тоқтату – тек заңның құзырындағы мәселе.

Заң шеңберінде бұл мәселені тезірек реттеу керек. Қазақ Парламенті арнайы заң қабылдап, егер қазақ қызын шетелдік қолқалап алса, онда мемлекет бюджетіне қалыңмал төлеттіру қажет. Қыздарымыздың шетелдікке тұрмысқа шыққан тиімді болмау керек. Сонымен қатар, азаматтықтан алып тастап, өзге ұлттың да азаматтық алуына шектеу қойылса екен. Өйткені, қазақ жері – папуастардың елі емес!



Нұржұма ЕЛЕСБАЙ,
этнограф:

Ұлдың қамын да ойлайық

Қазақ ертеден жеті атаға дейін қыз алыспаған. Сөйтіп, қан тазалығын сақтаған. Бұл жүздеген жылдар бойғы жалғасып келген дәстүр-салт, жөн-жоралғымыз-тұғын. Көрнекті қаламгер Ғабиден Мұстафин «бұрын ұлтшылдықпен күресетін едік, енді ұлтсыздықпен күресетін болдық» депті. Бұл ой дәп бүгінгі қоғамға да тура келіп тұр.

Қазақ қызы ұлттың айбары. Уағында француз қыздары әдемі деп, әрісі африкалық, берісі қытайлыққа дейін француз қыздарын алды. Сөйтіп, француз ұлтының колоритін бәсеңдетті. Қазір Францияда аралас неке көп. Бұл жақсы үрдіс емес. Дәп осындай тенденция Қазақстанға да тіреліп тұр. Қазақтың қызы сұлу деген сөзді доғару керек. Оны жарияға жар салып айтып, әлемге насихаттай беретін болдық. Одан да қазақтың қызы ұлттық намысына берік, ұятын жоғалтпаған деп ұғу қажет. Сонда ұлттың айбары көтеріледі. Біз қазақ қыздарын дүниеге таратып беру үшін өсіріп отырған жоқпыз.

Қазір қайсы араб, қайсы түрік, қайсы қытай, америкалықтар қызды алып кетер екен деп алаңдайтын болдық. Онымен қоймай, шетелдік күйеу бала деп қазақтың дәстүр-салтымен ұзатып, той жасап, кәде-сый беруді шығарды. Бұдан асқан ұят іс жоқ шығар. Қыздарымызды қорғаудың орнына, шетелге таратып жатырмыз. Ең мықты, көрікті қыздарды сыртқа жіберуді доғарайық.

Бұрын қызды көптеп оқытып, тіпті шетелге жібере беріп, үй де сатып алып беретін болдық. Мақсат – барған жерінде қиналмасын дейміз. Соның арқасында болып-толған қыз 25–30-дан асқанша тұрмысқа шықпайды, теңін таппай, ақыры үйленбей жүре береді. Кейде шетелге кетіп, бірнеше жылда шетелдік, ұлты, діні басқа жиендерді өмірге әкеледі. Сөйтіп, ұлдар қалтарыста қалды. Оқымаған, тұрақты қызметі жоқ жігіттер ауылда қой бағып, әрі кеткенде қалада құрылыста, қарапайым шаруада жүре беретін болды. Негізгі ұлды оқытып, шаруасына көмектесіп, ер-жігіттердің кәсіп ашуына арнайы мүмкіндік берейік. Өйткені, ба-қуатты, отбасын асырауға қауқарлы, ақыл-парасаты қалыптасқан қазақ жігіттері көп болса, «Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған» деген ой тұздықтала түседі.

Қазақ жігіт – елдің егесі. Сондықтан қазақ жігіттеріне көбірек мүмкіндік беріп, оқытып, ғылым-білім үйретіп, атақты бизнесмен, құрығанда өз отбасын асырай алатын білікті маман етіп тәрбиелеу керек. Жігіттерді ысырып қойып, қыздарымызды өзге ұлтқа беру оға әпермейді. Бұл түптің-түбінде құрдымға жібереді. Қыздарды отбасында ерінің сүйікті жары, көп баланың аяулы анасы ретінде қалыптастыру қажет. Қазақтың берекелі отбасы осылай құралады.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ОЙТҮРТКИ

ҚАЗАҚ СПОРТЫ ҚАЙТСЕ ДАМИДЫ?

Бүгінде Қазақстанда спорт саласының даму қарқыны байқалғанымен, шешімін таппаған күрделі мәселелер әлі де бар. Ел бойынша спорт мектептері мен түрлі секциялар көбіне ірі қалаларда шоғырланған. Ал ауылдық жерлерде спорт инфрақұрылымының жеткіліксіздігі – жастардың спортпен жүйелі түрде айналысуына кедергі келтіріп отыр. Бұл – бұқаралық спортты дамытуда үлкен тосқауыл.



Фото: olympic.kz

спортындағы сапаның төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, жастар арасында дене белсенділігінің төмендеуі, гаджетке тәуелділік және салауатты өмір салтын ұстанбау – қоғам үшін алаңдатарлық жағдайға айналып отыр. Бұл ұлттық денсаулық пен болашақ чемпиондардың қалыптасуына кері әсер етеді. Мемлекет бұл бағытта нақты қадамдар жасап жатыр.

Жаңа спорт кешендері мен фитнес орталықтары салынып, халықаралық жарыстар өткізіліп жатыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен бұқаралық спортты дамыту және әрбір мектепте дене шынықтыру сабақтарының сапасын арттыру қолға алынуда. Бұған қоса, ауыл жастарының спортқа қолжетімділігін кеңейту үшін кешенді бағдарламалар қажет. Қазақ спортының қарқынды

дамуы үшін төмендегі басым бағыттарға назар аудару қажет:

- Ауыл спортын дамыту – әр ауылда спорт алаңдары, секциялар мен үйірмелер ашу;
- Мамандар даярлау мен қайта оқыту – заманауи әдістемелермен оқытылған жаттықтырушылар санын көбейту;
- Балалар және жасөспірімдер спортын қаржыландыру – жас буынға арналған спорттық бағдарламалар мен жарыстарға қолдау көрсету;
- Мектептегі дене тәрбиесін күшейту – оқу бағдарламасын жетілдіру, сапалы кадрлар тарту;
- Ақпараттық насихат – спорттың қоғамдағы рөлін арттыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары арқылы белсенді түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Егер осы бағыттар жүйелі түрде жүзеге асса, Қазақстан болашақта әлемдік спорт ареналарында бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан табылары сөзсіз.

Дінасыл ХАМИТ.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 9 шілдедегі
№3/470-979 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және «Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 24 қаңтардағы № 908СЛ хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Жол құрылысы үшін Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Алғабас» шағынауданында орналасқан 7 (жеті) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі **Д.САТЫБАЛДЫ**

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 9 шілдедегі
№3/470-979 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Молдашев Кайсар Сержанович	20-321-068-494	«Алғабас» шағынауданы, Жаңа құрылыс кварталы, 2922-учаске	0,0630
2	Абидинова Айгерим Нурмахамбетовна	20-321-068-448	«Алғабас» шағынауданы, Жаңа құрылыс кварталы, 2921-учаске	0,0925
3	Аязбаев Жандос Аязбаевич	20-321-068-2312	«Алғабас» шағынауданы, 99-учаске	жалпы – 0,0925 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0014
4	Акишев Адил Кабыкенович	20-321-068-2120	«Алғабас» шағынауданы, Жаңа құрылыс кварталы, 350 А үй	жалпы – 0,1110 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0076
5	Ташболов Дүйсенхан Темірханұлы	20-321-068-2404	«Алғабас» шағынауданы, Жаңа құрылыс кварталы, 352-үй	жалпы – 0,0850 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0106
6	Шегебаев Бахыт Ахыбаевич, Жақыпова Әсел Есенқызы	20-321-068-461	«Алғабас» шағынауданы, Жаңа құрылыс кварталы, 373 Б үй	жалпы – 0,0925 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0133
7	Кусаинова Карлыгаин	20-321-068-1722	«Алғабас» шағынауданы, Д.Бабажанов көшесі, 11 А учаске	жалпы – 0,0600 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0152

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2025 жылғы 5 қыркүйек, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 198 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қаласы, Төле би к-сі, 251 А 1-офис, немесе land@lmln.kz электрондық поштасы бойынша 2025 жылдың 12 тамыз сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2025 жылғы 5 қыркүйек, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17-п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 519 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmln.kz электрондық поштасы бойынша 2025 жылдың 12 тамыз сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырудың кейбір мәселелері

Мемлекеттік биліктің ашықтығы мен есептілігі – құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаларының бірі. Осы тұрғыда жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау, тіркеу және қарау тәртібі – азаматтардың конституциялық құқықтарының бірі болып табылады. Бұл құқықты тиімді жүзеге асырудың маңызды құралы – өтініштерге қатысты құқықтық статистиканы сапалы және объективті түрде қалыптастыру.

Құқықтық статистика – бұл азаматтардың өтініштері мен шағымдарының сандық әрі сапалық көрсеткіштерін жүйелеп, мемлекеттік органдардың қызметін бағалауға және жетілдіруге арналған маңызды ақпарат көзі.

Құқықтық статистиканың нормативтік-құқықтық негіздері келесі нормативтік актілерде белгіленген: Қазақстан Республикасының Конституциясы (33-бап) – әр азаматтың мемлекеттік органдарға өтінішпен жүгіну құқығы; «Құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңы – құқықтық статистиканың жалпы принциптері мен тәртібі; Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс (ӘРПК) – өтініштердің қаралу тәртібі мен мерзімдері; ҚР Бас прокуратурасының ішкі бұйрықтары мен нұсқаулықтары – статистикалық деректерді жинау және өңдеу рәсімдері; «Е-Otinish» жүйесі туралы ережелер – электрондық өтініштерді тіркеудің регламенті. Бұл заңнамалар құқықтық статистиканы жүргізуге негіз бола отырып, нақты талаптар мен стандарттар белгілейді.

Құқықтық статистика – бұл мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы сенімді байланысты көрсететін маңызды құрал. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері – азаматтардың өмір сапасын арттыру мен мемлекеттік басқаруды жетілдірудің нақты көрсеткіші. Сондықтан бұл өтініштер бойынша деректердің шынайы, толық және сапалы түрде жиналуы елдегі әділеттіліктің, ашықтықтың және тиімділіктің көрсеткіші болып табылады.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша құқықтық статистиканы жетілдіру – бұл тек техникалық немесе есептік мәселе емес, ол мемлекеттің азаматтармен кері байланыс орнатудағы адалдығы мен ашықтығын көрсететін маңызды индикатор.

ҚР БП ҚСжАЕАҚ Алматы қаласы бойынша департаментінің өтініштерді талдау және бақылау бөлімі.

#Заң мен Тәртіп.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).
Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

«ӨРНЕК» – ӨЗГЕШЕ ӘЛЕМ

Балаларды әлі талай қызықты оқиғалар мен қуанышты сәттер күтіп тұр

Жасөспірімдер тәрбиесі – қоғамда кең талқыға түсетін тақырыптардың бірі. Әсіресе, баланың тұлға ретінде қалыптасуында айналасындағылардан келетін көмектің орны ерекше. Өмірден өз орнын іздеген жасөспірімнің жаман жолға түспей, дұрыс таңдау жасауы – өте маңызды. Алматы қаласы Оқушылар сарайының қала сыртындағы «Өрнек» лагері де осы бағытта жұмыс істейді. Содан да болар, «Өрнек» лагерінде балалардың жарқын жазғы демалысы ерекше естелікке айналады.



Рая
ЕСКЕНДІР

Қалалық Білім басқармасына қарасты Оқушылар сарайының «Өрнек» лагеріндегі жаз қызығы ерекше қыза түскен. Жазғы демалыстың оқушылар үшін орны тіпті бөлек. Әу бастан-ақ жазғы демалыс басқа демалыстарға қарағанда ұзақ әрі қызықты болып келеді. Сондықтан болар, балалар да осынау кезеңді тағатсыздана тосады. Әрі бұл мезгілде тоғыз ай бойы тынымсыз оқып, білім алған баланың ағзасы тынығып, демалуды қажет етеді.

Осыған орай, тоқсан сайын мектеп оқушыларына үзіліс жасалып отырса да, соның ең ұзағы – жазғы демалыс. Жалпы, жазғы демалыс балалардың негізгі сабақтан, үйреншікті әрекетінен босап, өз қызығушылығымен айналысуына мүмкіндік береді. Оның үстіне, жаз мезгілі мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана-сезімі жағынан, дүниетанымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі. Олардың өміріндегі ең ұмытылмас естеліктер де осы жазғы демалыс лагерінен бастау алады. Сондықтан балалар үшін жазғы демалыстың әрбір күні қымбат.

Қаламыздағы «Жаңұя» кешенінің



тәрбиеленушілері, сондай-ақ Оқушылар сарайының білім беру бірлестіктерінде жыл бойы білім алып жүрген әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балалар биыл да жазғы демалыстарын «Өрнек» демалыс лагерінде өткізіп жатыр. Балаларға

мұндағы «Робототехника», Астрономия, VR және AR, Lego, EMC, «Ғылым әлеміне экспедиция» саяхат, «Ньютон зертханасы» (Физика), «Ғарыш миссиясы» (Астрономия), «ЭлектроикLAB» (Электр) шеберлік сабақтары, қызықты жарыстар мен ойын

бағдарламалары, спорттық ойындар ерекше ұнайды. Әрине, балалар таңғы аспен түскі және кешкі асты сүйсіне жейді. «Өрнектегі» жаз әр баланың есінде жағымды жаңалығымен қалары сөзсіз.

Балаларға Нейротехнология, Журналистика, АЭРО, IT педагогтары сабақ жүргізеді. Мұнда міндетті түрде «Нептун күні» атап өтіледі. Бұл мерекенің мақсаты – балаларға су тіршілік көзі екенін үйретіп, сумен ойнайтын ойын ережесін сақтай отырып, балалардың қимыл-қозғалысын, шапшаңдығын шыңдау, оларды достық пен ұйымшылдық қағида-дәттарына адалдыққа тәрбиелеу.

Әр ауысымда балалар тек демалып қана қоймай, шығармашылық пен білімге толы саяхаттарға аттанады. Олар түрлі спорттық ойындарға қатысып, қолөнермен айналысады, ғылыми жаңалықтармен танысып, түрлі байқаулар мен шеберлік сағаттарында өз қабілеттерін шыңдайды.

«Өрнек» лагері – балалар үшін жаңа дағдылар мен жаңа достар табатын орта десек, артық айтқандық емес. Мұнда әр күн таңғажайып оқиғаларға толы: бірде балалар телескоппен Күнді бақылайды, келесі күні анимация кейіпкерлерін жасап, дрон ұшырып, ғылым әлеміне саяхат жасайды. Шахмат ойнауды, оригами жасауды, тіпті сұхбат жүргізуді де үйренеді.

Шынайы достық орнаған ортада балалардың күлкісі мен белсенділігі лагерь аумағын шаттыққа бөлейді, өйткені мұнда тәрбиешілер өте жоғары дәрежеде жұмыс істейді. Ауысым соңындағы ең әсерлі сәттердің бірі – қоштасу алауын жағу рәсімі. Бұл кеште әр топ қоштасу сәтіне арналған өнерлерін көрсетіп, шынайы достық шеңберін құрып, ән шырқайды.

«Өрнекте» өткен әрбір күн – балалардың жүрегінде мәңгі сақталатын ортақ естелік, қуаныш пен табыстың символы. Жаз әлі жалғасып жатыр, алда лагерь демалушыларын әлі талай қызықты оқиғалар мен қуанышты сәттер күтіп тұр.

МУРАЛ

Алатау ауданындағы «Зерделі» шағынауданында қоғамды әділдікке, парасаттылыққа және адал еңбекке үндейтін ерекше мазмұндағы мурал ашылды.



Ернұр
РЫСБАЙ

«Адал ұрпақ – сыбайлас жемқорлықсыз болашақ» деп аталатын бұл көркем туынды Жұмысшы мамандықтар жылы аясында жүзеге асырылып отыр. Жоба Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен салынды. Муралдың мақсаты – көркем бейнелеу арқылы жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Қабырғадағы сурет қала көркін ашып, әр адамның бойында әділдік пен тазалық туралы ой туғызуы тиіс. Жоба жетекшісі Әкежан Кеңесовтің айтуынша, қазіргі таңда аталған бағытта 300-ден астам ерікті жұмыс істеп жатыр. Олар жастар арасында парасаттылықты дәріптеп, түрлі ақпараттық және профилактикалық іс-шаралар ұйымдастыруда. Оның сөзінше, қоғамдағы әділдікті тек заң арқылы емес, осындай мәдени жобалар арқылы да нығайтуға болады.

Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Алмас Кеңесбай да өз сөзінде муралдың маңыздылығын атап өтті. «Бүгінгі іс-шара – жәй ғана сурет салу емес. Бұл – қоғамға ой тастау, сананы тәрбиелеу. Мурал қаладағы ең үлкен даңғылдардың

СӘН ҮШІН САЛЫНБАҒАН СУРЕТ



біріне қарама-қарсы орналасуы арқылы күн сайын көзге түсіп, санамызға әділдік ұғымын сіңіруді көздейді. Әрбір адам өз мамандығына адал болса, әділетті қоғам құруға болады», – деді ол.

Муралда дәрігер, құрылысшы, мұғалім сынды әртүрлі кәсіп иелері бейнеленген. Бұл – еңбектің адалдығын дәріптеу әрі жастарға үлгі көрсету ниетінен туған символикалық шешім. Іс-ша-

ра соңында қатысушылар әділ қоғам құру жолындағы бірлік пен ынтымақтастықты қолдайтынын жеткізіп, «Әділ қоғамды бірге құрамыз!» деген ортақ ұранмен тарқасты.

Суреттерді түсірген Самат СЕРКІБАЙҰЛЫ.